



Елбасы қостанайлықтарға дән риза

**Әлібек
ЫБЫРАЙ**

Өткен жұма күні Қостанайға ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жұмыс сапарымен келіп, кетті. Елбасы Тобыл өңіріндегі астықты алқаптардың біріне ат басын бұрып, биылғы егіннің

жай-жапсарымен танысты. Сондай-ақ, «Баян сұлу» кондитерлік фабрикасында болды. Соңыра Н.Назарбаев облыс жұртшылығымен кездесіп, саликалы жиын өткізді.

– Тәуелсіздіктің 25 жылында еліміз зор жетістіктерге жетті. Қазақстандықтардың өмір сүру сапасы артты. Бір ғана Қостанай облысы

аграрлы аймақтан индустриалды өңірге айналды. Оған бірнеше мысалдарды келтіруге болады. 2016 жылы құны 182 млрд теңгенің 82 жобасы жүзеге асты. 5 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Бұл үлкен көрсеткіш, – деп атап көрсетті Елбасы.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Қостанай астығына оң бағасын берді

**Кенже
ҚОНЫСБАЙ**

Астықты аймаққа ат басын бұрған Нұрсұлтан Назарбаев алдымен, егін алқаптарын аралады. Қостанай облысы күзгі ораққа тамыз айының аяғынан кіріскен еді. Қазіргі таңда жиын-терім жұмыстары өрмек жүзінен ауды. Ел Президенті Қостанай ауданындағы «Өтеулин» шаруа қожалығына соғып, биылғы орақтың жай-жапсарымен танысты. Айтулы серіктестік Тобыл төсінде 2003 жылдан бері еңбек етіп келеді. Бүгіндері кәнігі диқандармен толыққан. Қожалық иесі Нұр-келген Өтеулин алғашында ша-



руасын 700 га жермен бастаған болса, қазіргі көлемі 5000 га жетіп отыр. Жыл сайын өнімді еселеп алып келеді, бидай басы ауру-сырқаттан дін аман.

Бидайдан бөлек, бұл алқапта арпа, зығыр сынды дақылдар өседі. Сондай-ақ, жайылым жері де бар. Осы шаруа қожалығынан-ақ Қостанай өңірін-

дегі ауыл шаруашылығының жай-күйін аңғаруға болады.

«Өтеулин» қожалығы жыл сайын ілгерілеп келеді. Мәселен, егінжайда 11 техника жұмыс істейді, оның алтауы Ресейден әкелген су жаңа «Вектор» комбайны. Кейінгі уақытта толассыз жауған жаңбыр ғана жинау маусымында сәл кедергі келтіріп отыр. Әйткенмен, өнімді дер кезінде жинап алуға мол мүмкіндік бар дейді диқандар. Күн райы ашылған сәтте-ақ дала кемелері егінжайға тартады. Нұр-келген Өтеулин биылғы орақ маусымын тамыз айының ортасында бастаған. Қостанайдағы қолайсыз ауа райына қарамастан, диқандар егіннің 80

пайызын жинап үлгерді. Орташа астық түсімі гектарына 15 ц құрайды (қазіргі уақытта облыс бойынша гектарына – 12,7 ц). Қожалық иесі биылғы маусым берекеді болады деп үміттенеді.

Елбасы Қостанай жерінде бітік шыққан бидайға жоғары бағасын берді. Диқандармен сұхбаттасып, кәсіпті ілгерілету тұрғысында ақыл-кеңесін айтты. Дәнді дақылдардың сапасына мән беріп, сырт жақтан жоғары сортты бидай әкеліп, шет елдерде кеңінен қолданылатын технологияларды пайдалану керек екендігін ескертті.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Темір жолда кедергі болмауы тиіс

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Облыс әкімдігінде өткен кезекті аппарат мәжілісінде екі мәселе қаралды. Оның бірі сәулет және қала құрылысы, екіншісі жүк тасымалдау саласына орай. Алғашқы болып Қостанай темір жол бөлімшесінің басшысы Сағындық Жұмабаев соңғы сегіз айдың қорытындысы бойынша баяндама жасады.

Шикізат тасымалдау көлемі соңғы уақытта айтарлықтай төмендеген. Қазір Қытай, Батыс Европа елдерімен байланыс орнаған. Баяндамашы облыс әкімі Архимед Мұхамбетовке туындап отырған бірнеше проблемаларды да жеткізді.

Мәселен, элеваторларға баратын кіреберіс темір жолдар дұрыс емес. Осы жылдың өзінде 17 рет вагондар рельстен шығып кеткен. Сондықтан осы жолдарды жөнге келтіру керек. Атап айтқанда, Тобыл элеваторы, Қостанай диірмені, "Алтын-сарин" ЖШС-нің жүк түсіру алаңдарында қиындық туындаған. "Ең алдымен қозғалысты кідіртпеу керек. Бұл жолдарды темір-жолшылар тексере алмайды. Бұл заңға қайшы. Былтыр бұл мәселе өзара шешілсе, ендігі уақытта айтарлықтай қиындық туғызуда", — дейді баяндамашы.

Аймақ басшысы бұл мәселеге орай көлік инспекциясына тапсырма беріп, бақылауға алуды жүктеді. Бірақ тексеріс болады деп, жан-жақтан жан алқымға алмауды да ескертті.

— Тағы бір назар аударатын мәселе, темір жол бойында қараусыз жүретін ірі қара мал поезға соғылып, қозғалысты тежейді. Мысалға, Әуликөл, Қамысты аудандарын алуға болады. Құсмұрында жақында ғана жылқы поезға соғылды. Иесі табылмады. Бұл поездда отырған адамдардың өміріне қауіп төндіреді. Сондықтан осы мәселеге де атүсті қарауға болмайды, — деді С.Жұмабаев.

Темір жол саласындағы тағы бір қиындық "Тальго" вагондарын толтыру қиын болып тұр. Бұрын бұл меже 50 пайызға орындалса енді тіптен төмендеген. Бұл поезд айына екі рет жүретін болады.

— 8 айдың қорытындысы бойынша жүк тасымалдау бойынша көрсеткіш төмендеп кеткен. Алдағы төрт айда жоспарды орындау керек. Жолдарын қарастырыңдар. Арқалықты дамыту үшін сол жақта жұмыс орындарын ашыңдар. "Тальго" жылдам поезы бойынша халықтан түскен шағым көп. Себебі облыс орталығына тоқтамайтыны ыңғайсыздық тудырады. Бұл мәселені де шешіңдер, — деп тапсырма берді облыс әкімі А.Мұхамбетов.

Аудан және ауыл әкімдері қараусыз жүрген малға тосқауыл қойып, бұл мәселені қолға алуын тапсырды.

Сенбілікке түгел қатысайық

Әр көктем және күз сайын өзіміз тұрып жатқан, еңбек ететін және демалатын жерлерді тазарту және көркейту бойынша сенбіліктер өткізу жақсы дәстүрге айналды. Мерекелік іс-шараларды өткізгенде көшелердің, аулалардың және саябақтардың таза болғаны аса маңызды. Ұйымшылдықпен іске кіріссек біздің қаламыз тазарып, жақсарып, көркейе түсеріне сенімдіміз.

Қаланың коммуналдық қызметтері қала көшелерін, алаңдар, скверлер мен саябақтарды, үй жанындағы аумақтарды санитарлық тазарту, тұрмыстық қалдықтарды жинау және сыртқа шығару жөнінде тұрақты түрде күнделікті жұмыстарын жүргізуде.

Барлық салалар мен меншік нысанындағы кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдардың еңбек ұжымдарын, жалпы білім беретін, орта және жоғары оқу орындарының басшылары мен оқушыларын, көп пәтерлі үйлер мен жеке үйлер тұрғындарын үстіміздегі жылдың 30 қыркүйегінде жалпықалалық сенбіліктен басталатын санитарлық тазалық айлығына белсене атсалысуға шақырамыз.

Сенбіліктер бұдан соң әрбір жұма күні сағат 14.00-де болады.

Қостанай қаласы әкімінің баспасөз қызметі.

Жәрмеңкеге келіңіздер!

1 қазанда сағат 9.00-де Сити-Орталықта, 8,9 шағынаудандар аралығында Арыстанбеков көшесінің бойында және КСК ауданы Герцен-Текстильщиктер көшелері қиылысында ("Жастар" бульварының кіре берісі) облыстың аудандары мен қалалары тауарөндірушілерінің қатысуымен ірі көлемді ауылшаруашылық жәрмеңкесі өтеді. Қосымша ақпарат тел.: 575-773.

Бисквит цехы сапалы өнімдерімен қуантпақ



Нұрболат
МЕШІТБАЕВ

Қостанай облысына іссапармен келген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өңірдегі байырғы кәсіпорын — "Баян-Сұлу" кондитерлік фабрикасында болып, таяуда ашылған бисквит цехының жұмысымен танысты. Мемлекет басшысы "Баян-Сұлу" фабрикасына осыдан жиырма жыл бұрын алғаш рет ат басын бұрғанды. Мұны Елбасыға фабрика қызметкерлері сол кездесудегі әсерімен бөлісіп, тіпті, бүгінгі күні өздерімен бірге балаларының да қызмет істеп жатқандығын әңгімелеп берді.

"Елу жылда ел жаңа" демекші, қазіргі фабрика бұрынғыға қарағанда әлдеқайда қуатты өндіріс орны. Кондитерлік өнімнің 250-ге тарта түрін шығарады.

— Жаңа ашылған бисквит цехы еліміздегі тамақ өндірісінің дамуындағы ең басты индустриализацияланған нысан. — Цехты ашуға 3,6 млрд. теңге қаржы жұмсалды. Құрал-жабдықтарымыз да қазіргі заманауи үлгіде. Жұмыс орнында 45 адам қызмет істейді. Жоғары сапалы вафли, печенье және бисквит өнімдерін шығарамыз. Әрине, жаңа жоба мемлекеттің қамқорлығынсыз жүзеге аспайтын да еді. Құрал-жабдықтар алуымызға әрі тауарымызды экспорттауға дейін Қазақстан даму банкі жеңілдетілген несиені берді. Тағы бір үлкен көмегін әсіресе, құрал-жабдықтарға жұмсалған қаражаттың 30 пайызын ауыл шаруашылық министрлігі қаржыны субсидиялау бағдарламасы аясында беріп отыр, — деді "Баян-Сұлу" АҚ президенті Тимур Садықов.

Аталған кондитерлік фабрика жылына 65 мың тонна өнім өндіреді. Тәтті өнімдері қазақстандық брендке айналған. Алыс, жақын шетелдерге де экспортталады. Негізгі тұтынушылары Ресей, Өзбекстан, Германия, Қытай, Әзірбайжан елдері.

Кәсіпорында қазір 1417 адам жұмыс істейді. Солардың бірі Гауһар Маханова. Ол бұл жерге жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша жұмысқа орналасқан.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Н.Назарбаев кондитерлік

фабриканың өндіріс алаңында ұйымдастырылған өнеркәсіптік, өндірістік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының көрмесін аралап, автомобиль құрастыру саласындағы жетістіктерге

лады. Экологиялық таза әрі үнемді электромобильдер тұтынушы үшін таптырмас олжа.

"Аллюр компаниясы Тобы" АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьевтің айтуын



көңілі толып, алғаш шығарылып отырған электромобильдің тізгінін ұстап, шағын алаңқайда жүргізіп көріп, сыннан өткізіп, Қазақстанның 25 жылда жеткен жетістігіне қостанайлықтардың да қосқан үлесі зор екендігін жеткізді.

Қостанайда қазір жылына 7 мың автокөлік құрастырылады. 2020 жылға таман 50 мың машина шығару жоспарда бар. Шаруалар үшін техниканың да түр-түрін осы жерден табасыз. Ал, енді бірер айда қазақстандық тоқпен қуаттандырылатын автокөліктер нарыққа шықпақ. Бұл электромобильдер алдағы жылы Астана қаласында өтетін "ЭКСПО 2017" көрмесінде қойы-

ша, қазір қостанайлық автоөндіріс Қазақстанның автотехникаға деген мұқтаждығын толық жауып отыр. Бұл күні қоғамдық әрі жүк тасымалдайтын көліктерді де құрастыру ісі қызу қолға алынған.

— Биылғы қыс айында біз Астана қаласында электромобильдерімізді сынақтан тағы бір өткізіп алуды жоспарладық. Қытайлық "JAC" маркалы бұл электромобильдер экономикалық жағынан өте тиімді, — дейді Андрей Лаврентьев.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

• ЕЛ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

Береке бастауы – табыста

Елбасы қостанайлық қоғам өкілдерімен кездесті

Әлібек
ЫБЫРАЙ

Елбасы Н.Назарбаев Қостанайдағы қоғам өкілдерімен, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен, ауылшаруашылық тауар өндірушілерімен кездесті. Президентпен кездесуге сондай-ақ, мемлекеттік қызметкерлер мен жастар ұйымдарының өкілдері, спортшылар қатысты. Нұрсұлтан Назарбаев қостанайлықтар алдында Қазақстанның 25 жылда жеткен жетістігіне Тобыл өңірінің де қосқан үлесі зор екендігін атап өтті..

– Мен қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин шыққан, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов туған жерге келіп отырмын. Қостанай алтын астығымен ғана емес, басқа да қазба байлықтарымен мақтана алады. Бұл жерден темір де шығады, алюминий де шығады, алтын да өндіріледі. Жалпы, әлеуметтік-экономикалық әлеуеті зор облыс ретінде Қостанай Тәуелсіз Қазақстанның дамуына айрықша үлесін қосып келе жатқанын айтқым келеді. Ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген азаматтар көп. Сондықтан, қастерлі Қостанай өңіріндегі бүгінгі кездесудің өзіндік ерекшелігі бар, – деді Нұрсұлтан Назарбаев. – Біз ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық торқалы тойы қарсаңында кездесіп отырмыз. Содан бері көп нәрсе өзгерді. Қазіргі Қазақстанның аумағында тұрып жатқан бар халық – өзге ұлт өкілдері де бұрын-соңды дәл мұндай өмір сүріп көрген жоқ. Өмірге жаңа ұрпақтар келді. Бар болғаны ширек ғасырда басқа өсіп-өркендеген елдермен иық теңестіріп, дүниежүзі таныған үлкен елге айналдық.

Алқалы жиында облыс әкімі Архимед Мұхамбетов Президентке облыстың экономикалық-әлеуметтік ахуалы туралы есеп берді.

– Бірлік пен берекенің мекеніне айналған Қостанай өңіріне қош келдіңіз! Ең алдымен Сізге осынау жиырма бес жылда облысымызға ерекше қамқорлығыңыз бен қолдауыңыз үшін барша қостанайлықтардың атынан шынайы алғысымызды білдіруге рұқсат етіңіз. Сіздің кемеңгер де дана саясатыңыздың арқасында бұл мерейлі мерекеге Тобыл-Торғай өңірі жарқын жетістіктермен, толайым табыстарымен жетіп отыр, – деді өңір басшысы.

Рас, Қостанай облысы республика бойынша табыстармен жетіп отыр. Аймақта ауылшаруашылығына басымдылық берілгенімен, өзге салаларда да ілгерілеу бар. Ширек ғасырда аймақта 5 млн. шаршы метр тұрғын үй салынды. Аудандар мен шалғай ауылдардың 60 пайызы көгілдір отынмен қамтылған. Ауыз су құбырлары жаңартылды. Жолдар салынды. Бұл – өңірдің әлдеқайда өркендей түскенінің айғағы.

Бұдан соң ҚР Үкімет басшысының орынбасары – Ауылшаруашылық министрі Асқар Мырзахметов егін орағының барысы туралы хабарлады. Биыл астықты өңірде бидай бітік шықты. Басқа дәнді дақылдар да олқы емес. Соның арқасында өңір сыртқы сауда саттықты барынша арттырды. Өзге де көрсеткіштер көңіл тоғайтады. Жұмыссыздық мәселесі 4 процентке дейін азайған. Елде мыңдаған жаңа жұмыс орындары ашылып, екінші бес жылдық бедерінде жаңа индустриалдық-инновациялық жобалар жүзеге асты. Яғни, экономиканың өркендеуі арқасында әлеуметтік сала қарқынды дамыды. Ауылшаруашылық саласында да өзгерістер басым. Келелі жиында белгілі диқан, Қазақстанның Еңбек Ері Сайран Бұқанов сөз алды.

– Еліміздің соңғы 25 жылында ауылымыз да, біз өзіміз де өзгердік. Осы өзгерістер сізбен тікелей байланысты. Мен – өмір бойы егінмен айналысқан диқанмын. Еңбегім үшін, Сіздің қолыңыздан «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алдым. Бірақ, бәрібір, бұл салада, мен – Сіздің шәкіртіңізбі! Менің ойыма екі оқиға түсіп отыр. Біріншісі, 15 жыл бұрын біз Сізбен қырда кездестік. Сол кезде, біз тек қана дәнді дақылдары себуші едік. Оның ішінде, бидай 95%-ға жетуші еді. Сіз бізбен кездескенде, егіс алқабын диверсификациялау керек дедіңіз. Ол сөзді біз бірінші рет сізден естідік. Өзі айтуға да қиын. Сіз егістікке майлы дақылдар кіргізу туралы ұсыныс жасадыңыз. Біз алғашында түсінбедік, дәнді дақылдарды себуге үйренген көбіміз, қарсы болдық. Бірақ, нарық уақытында, диверсификациясыз ауыл шаруашылығының экономикасы көтерілмейді екен. Сіздің айтқаныңыз дұрыс болды. Міне, нәтижесінде, қазіргі таңда, біздің «Қарқын» ұжымының алқап егістігінде бидай 65%-ға

төмендеді, майлы дақылдар 25%-ға жетті. Ал былтыр, бидайдың тиімділігі – 27%, рапс – 45%, күнбағыс – 51%, зығыр – 70%-ға өсті.

Екіншісі, ауыл шаруашылығына бөлініп жатқан субсидия туралы. Осыдан он жыл бұрын Қостанай облысына мемлекет тарапынан 500 млн. теңге субсидия бөлінген болатын, соған біз қуанып едік. Ал биыл, 50 есеге өсіп, 25 млрд. теңге болды. Оның ішінде, біздің шаруашылық 90 млн. теңге субсидия алды. Бұл – бұрын-соңды болмаған. Әлемде ешқандай мемлекетте бұндай көмек жоқ. Осының барлығын осы отырғандар да, барлық халық та біледі, – деді «Қарқын» ЖШС директоры Сайран Бұқанов.

Жылы жүзді кездесуде өз лебіздерін жеткізген қарапайым еңбек адамдары, қоғам қайраткерлері, түрлі мамандық иелері еліміздің Тәуелсіздік жылдары қол жеткен жетістіктері жайлы сөз қозғап, мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен сыртқы саяси сахнадағы беделін Н.Назарбаев есімімен тығыз байланыстырды.

– Аса құрметті Елбасы! – деп бастады өзінің жүрекжарды сөзін Қостанайдағы №2-ші орта мектептің 11 сынып оқушысы Анна Уварова, – Қазақ халқында: «Ізденген жетер мұратқа» деген жақсы бір сөз бар. Расында да, бұл менің замандастарым үшін ұранға айналуы керек деп ойлаймын. Сондықтан, өзімнің отандастарыма, жерлестеріме туған жердің тілін сүйіп, дәстүрін құрметтеуден артық ештеңе жоқ дегім келеді. Менің ұлтым орыс, бірақ менің қазақ тілінде сөйлеуім ешкімді де таңқалдырмайды. Себебі, бұл – қазақстандық патриотизмнің нормасы. Мыңдаған қатарластарым дәл осылай ойлайды. Бейбіт елде көптеген ұлыстардың тату өмір сүруі – біз үшін басты құндылық.

Нұрсұлтан Әбішұлы, жарқын болашаққа жолды салған да – Сіз, бағыт берген де – Сіз! Өкелік қамқорлығыңыз үшін, перзенттік жүрегіммен, Сізге алғысымды білдіремін.

Ал ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Ақылбек Шаяхмет таяуда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Елбасының мақаласын оқып, одан түйген ойларымен бөлісті.

– Күні кеше «Егемен Қазақстан» газетінде Сіздің «Ұлы Дала ұлағаттары» атты жаңа кітабыңыздан үзінді жарияланды. Тәуелсіздіктің тойы қарсаңында бұл кітап баршамызға, соның ішінде жастарымызға арналған үлкен сый болды. Кітаптағы асыл мақсатыңыз – ел мен жердің тарихы мен тағдырын, Ұлы Даланың шежіресі мен ұлағатын ұрпаққа жеткізу екені көрініп тұр.

– Саған ұнады ма? – деп сұрады Президент.

Ақын мүдірген жоқ:

– Ұнағанда қандай!.. Біз бақытты ұрпақпыз. 25 жыл ішінде біз, Сіздің бастамаңызбен ең алдымен, Алаш арыстарының арманын орындадық – Тәуелсіздігімізді нығайттық, шекарамызды шегеледік, өз Ата Заңымызбен өмір сүріп жатырмыз. «Ел міндетін – ер көтерер» деген сөз бар. Осы міндет сізге жүктелген екен – қара нардай көтеріп келесіз. Еліңіз, Сіз сияқты еріне атқарған ісі үшін рахмет айтады.

Шындығына келгенде, Тәуелсіздіктің 25 жылы әдебиетіміз мен мәдениетімізге тың серпін берді. Тарихымызды түгендедік, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жаңғырды. Сіздің бастамаңызбен «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында халқымыздың асыл қазынасына айналған жыр-дастандар жинақ болып шықты. Бір ғана «Бабалар сөзі» сериясымен жарық көрген «100 томдық» егемен елдің ұрпағын ата-бабадан мирас болған жыр жауһарларынан сусындауға мүмкіндік берді.

Біздің де, Сіздің де еңбегіңіз келешекке арналған. Баршамаздың мақсатымыз – ұлтымыздың ұлағаты тарихын, салт-дәстүрін, ділі мен дінін келешек ұрпаққа аманат етіп жеткізу, қазақтың елін, жерін сүйетін елжанды азаматты тәрбиелеу, – деді Ақылбек Шаяхмет.

Елбасымен өткен екі сағаттық кездесу барысында түрлі мамандық иелері сөз алып, Тәуелсіздіктің 25 жылдығында жеткен жетістіктеріміз бен табыстар жөнінде тебірене сөз сөйледі. Жиын соңында Президент қостанайлықтардың еңбегіне табыс тілеп, зор жетістіктерге жете беруіне ниеттен екенін жеткізді.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.



Қос батырға - темір тұлпар

Кенже ҚОНЫСБАЙ

Өткен аптада ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев іссапармен Қостанайға келген еді. Елбасы қостанайлық қоғам өкілдерімен кездесіп, астықты аймақтың Қазақстанның дамуына айрықша үлесін қосып келе жатқанын айтып, өнер мен спорт саласындағы жетістіктеріне де тоқтала кеткен-ді. Осы орайда, біздің облыстан шыққан қос боксшы Иван Дычко мен Василий Левитті айтпай кету болмас. Ұлт көшбасшысы да қоржынға түскен 17 медальдің екеуі қостанайлық спортшының жемісі екенін тілге

болды.

Артынша облыс әкімі Архимед Мұхамбетов спортшыларға сыйқұрмет жасады. Биылғы олимпиаданың қола жүлдегері И.Дычко дүбірлі додадан елге оралған кезде, өңір басшысы даңқты жерлесімізге пәтер кілтін ұсынып, кейін боксшы В.Левит екеуіне көлік сыйлауға уәде еткен болатын. Айтқандай өңір басшысы уәдесінде тұрды. "Қостанай" теннис орталығында салтанатты түрде Федоров ауданында дүниеге келген Василий Левит пен Рудный қаласының тумасы Иван Дычкоға Жас маркалы көлігін тарту етті.

Сондай-ақ, аймақ басшысы

сендермен мақтанамыз. Бүгін қаламызға келген Елбасы Н.Назарбаев мырза да сіздердің ел спортына қосқан зор үлестеріңізді айта кетті. Қазіргі таңда еліміздегі бірталай жасөспірімнің спортқа деген қызығушылығын арттырып келесіздер. Әрдайым осылай биіктен көріне беріңіздер! – деді А.Мұхамбетов.

Қостанай облысы бойынша 2400 спорттық нысан бар. Бірақ, бокс мектебі жеткіліксіз.

– Біздің өңірде спорттың дамуына бар күшімізді саламыз. Жуық арада Орталық стадионда қайта жөндеу жұмыстары басталады. Қостанайда спорттың ең танымал түрі – бокс. Жақында спорт мектебі де бой көтеретін болады. Александр Мирошниченко бастаған дәстүрді жалғастыруымыз қажет, – дейді облыс әкімі А.Мұхамбетов.

Олимпиада жүлдегерлерімен қатар бұл салтанатты жиында аймақ басшысы грек-рим күресінен жастар арасындағы әлем чемпионы Темірлан Шадукаевты да марапаттады. Жас спортшыға және оның жаттықтырушысы Михаил Досмағанбетовке ақшалай сыйлық тарту етті. Темірланға 1 млн. теңге берсе, бапкеріне 500 мың теңге сыйлады.

В.Левит қазіргі уақытта елорда намысын қорғап жүр. Бабына қайта оралу үшін тынымсыз еңбек етіп жатқанын айтады боксшы.

– Жақын уақытта алдағы олимп ойындарына дайындаламын ба, әлде кәсіпқой боксқа ауысамын ба соны шешетін боламын. Дегенмен, әуесқой деңгейде барлық жетістіктерді иеленгім келеді. Көпшілігі менен Рио олимпиадасындағы даулы жекпе-жек жайлы сұрайды. Төрешілер шығарған қорытындыға алып-қосарым жоқ. Ең басты



тиек етті. Бүгіндері бұл спортшыларды бүкіл қазақстандық біледі десек артық айтқанымыз емес. Бірі олимпиаданың екі дүркін қола жүлдегері болса, енді бірі соңғы өткен Рио олимпиадасында әлем назарын аударған ақтық сынның қаһарманы. Елбасымен кездесуге арнайы шақыртылған қос батыр бұл жиында да айрықша құрмет пен мақтауға ие

Василий чемпионның спорттық шеберлігіне, ақтық сында көрсеткен азаматтығына тәнті екенін жеткізді.

– Қостанайдан шыққан қос боксшының ерлігін барша қазақстандықтар аңыз қылып айтып жүр. Қазақстанның биылғы рекордтық нәтижесіне біздің жерлестеріміз де өз үлесін қосты. Біз

айғақ – менің олимп ойындарының күміс жүлдегерімін. Осыған төзе білуім қажет. Кейін бейнебаяннан өзім де көрдім. Кей жерлерде менен де қателіктер кеткен сияқты, – дейді боксшы. – 2009 жылы мен Астанаға ауыстым. Бірақ та, спорттық мансап-

ты Қостанайда бастадым. Осы жерде негізім қаланды. Жаттықтырушым Асылхан Бусурмановқа алғысым шексіз, – деді Василий Левит.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

2016 жылдың 4-тоқсанына арналған Қостанай облысы әкімінің аппаратында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ

Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның аты-жөні	Лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Байланыс телефондары
А.Б. Мұхамбетов	әкім	21 қазан 25 қараша 23 желтоқсан сағ. 10.00	575-084 575-057
Ғ.Т.Нұрмұхамбетов	әкімнің бірінші орынбасары	7 қазан 4 қараша 2 желтоқсан сағ. 10.00	575-084 575-057
М.Қ.Жүндібаев	әкімнің орынбасары	28 қазан 30 қараша 28 желтоқсан сағ. 10.00	575-084 575-057
С.А.Карплук	әкімнің орынбасары	20 қазан 18 қараша 13 желтоқсан сағ. 10.00	575-084 575-057
Р.К.Кемалова	әкімнің орынбасары	14 қазан 11 қараша 9 желтоқсан сағ. 10.00	575-084 575-057
А.Т.Әбенев	аппарат басшысы	27 қазан 24 қараша 22 желтоқсан сағ. 10.00	575-084 575-057

Жеке қабылдауға алдын ала жазылу №105 кабинетте жүргізіледі, байланыс телефондары: 575-084, 575-057.

Облыс әкімі аппаратының орналасқан жері: Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 66.

"Қостанай облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, Қостанай облысы әкімі аппараты қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі нормаларын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасын бұзу фактілері туралы 575-062 сенім телефонына хабарлауға болатындығын еске салады.

• РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН "Туған күніңмен, мектебім!"

Қостанай қаласындағы №15 орта мектебінің ашылғанына бір жыл толды. Бір жыл бұрын мектебіміздің тарихы басталып, 388 оқушы табалдырығын аттаған болатын. Өткен оқу жылы оқушыларымыз ғылыми жұмыстар, олимпиада, шығармашылық байқаулар мен спорттық іс-шараларға белсене қатысып, көптеген жетістіктерге жетті. Мектебімізде бір жылдық мерейтойға байланысты түрлі қызықты іс-шаралар ұйымдастырылды. Мереке күні кіреберісте "Мектеп жаңалықтары" айдарының №1 шығарылымының тұсаукесері болды. Жаңалықтар айдарынан кейін оқушылар дайындаған бейнеқұттықтаулар көпшілік назарын аударды. "Туған күніңмен, мектебім!" тақырыбында оқушылар арасында авторлық өлеңдер байқауы ұйымдастырылды. Байқау жеңімпаздары анықталып, мектеп әкімшілігі тарапынан марапатталды. Сондай-ақ 1-10 сынып оқушылары "Мектепке сыйлық" көлөнер көрмесіне өз қолдарымен әр түрлі техникада жасаған қолөнер бұйымдарын ұсынды. "Бізге бір жыл" естеліктер кітабында оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналар мектептің ашылу кезеңіндегі естен кетпес қызықты сәттер туралы жазды.

Аталмыш білім ордасы – біздің әрқайсысымыз үшін орны бөлек мектеп, сүйікті білім ошағымыз. Мектеп ұжымын, оқушылар мен ата-аналарды №15 орта мектебінің туған күнімен құттықтаймыз! Еліміз бен бірге мектебіміз де дамып, өсіп, көркейе берсін!

Зоя КОЙТБАЕВА,
№15 орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Қостанай қаласы.



● ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

Жұмыла көтерген жүк жеңіл

Облыстың ішкі істер департаментінің қызметкерлері және жеке күзет ұйымдарының өкілдері өзара ықпалдастық мәселелерін талқылады.

Елімізде алғаш рет Қостанай-да қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі бірлескен ұтқыр топтар пайда болды. Күзет пен полицияның өзара әрекеттесуі нәтижесінде жыл басынан бері 40 пәтер ұрлығы ашылды. Кеңесте ОІД әкімшілік полициясы басқармасының бастығы, полковник Ер-дәулет Махмұтов жеке күзет фирмаларының басшыларына қызметкерлердің даярлығына назар аударуды, тұрақты негізде күзетшілермен теориялық және практикалық сабақтар өткізіп тұруды ұсынды.

ОІД күзет қызметін бақылау бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Н.Сейітжанов өз сөзінде облыс орталығында жеке күзет ұйымдарына тиесілі 11 ұтқыр топтың жұмыс істейтінін атап өтті. Күзет фирмаларының бірімен өзара ықпалдастық туралы меморандумға қол қойылған.

"Өткен жылдан бері күзет фирмасының қызметкерлері күн сайын жергілікті полиция қызметімен бірлесіп қоғам тәртібін күзетуге шығады. Соның нәтижесінде қала көшелері мен қоғамдық орындардағы қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың уақытылы алды алынып, жолы кесіледі", – деді Н.Сейітжанов.

Күзет ұйымдары қызметкерлерінің жолдардағы тәртібіне сын айтылды. Жыл басынан бері әкімшілік құқық бұзушылық жасаған фирмалар қызметкерлеріне 168 мың теңге айыппұл салынған. Құқық бұзушылықтың дені бағдаршамның тыйым салған белгісін ескермеу және жылдамдықты асыру.

Мұндай кездесулер жүйелі



түрде өткізіліп тұрады және бірлескен қызметтегі мәселерді, оларды шешудің жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Басқосуға қатысушылар күзет нысандарына қылмыстық қол сұғу мысалдарын талдап, күзет ұйымдарының қызметіндегі кемшіліктер-

ге тоқталды. Сондай-ақ, күзетілетін нысанға қарсы қылмыс жасауға итермелейтін себептер қаралып, оларды жою және жол бермеу, күзет қызметі сапасын арттыру жөнінде бірлескен іс-шаралар белгіленді.

Экологиялық қауіп дала өртінен туындайды

Өрт – бұл адамның өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекетке зиянын тигізетін, қоршаған ортаға үлкен материалдық шығын келтіретін, қоршаған ортадағы заттардың бақылаусыз жануы.

Ең күрделі, зиян тигізетін өрттер өртке қауіпті объектілерде және басқа да зақымдау факторлары (жарылыс, улы заттардың жиналуы т.б.) бар объектілерде болады. Сонымен бірге, адамдар көп шоғырланған жерлерде де өрт шығу қаупі бар.

Дала өрті – бұл дүлей, бағынбайтын оттың өсімдіктер жамылғысы арқылы таралуы. Механизм бойынша оттың таралуы басқа өрттермен ұқсас, бірақ дала өртінің таралу жылдамдығы жоғары, бұған бірқатар факторлар, атап айтқанда құрғақ дала шөптерінің жануы және даладағы желдің қатты жылдамдықпен соғуы ықпал етеді. Табиғи ортаға шығын келтіруі (өсімдіктер жамылғысына және жануарлар әлеміне) адамдарға және экономика объектілеріне, бірақ орман өртіне қарағанда аз дәрежеде қауіп төндіруі мүмкін.

Жанып жатқан масса қалыңдығының қабаты айтарлықтай аз болуына және өрттің жоғарыдағы өртке айналу принципі мүмкін еместігіне байланысты, сонымен қатар өрт сөндіру автокөліктерінің және өзге де арнайы техникалардың даладан жүріп өтуі жоғары болуына байланысты дала өрттерін сөндіру төмен орман өрттерін сөндіруге қарағанда қиыншылықтары азырақ. Дала өрттерінің алдын алу шараларының ең тиімділерінің бірі – минералды жолақтар жасау болып табылады.

Дала өрттері дала топырағының жел эрозиясына, сондай-ақ шөп жамылғысының тозуына ықпалын тигізеді. Дала өрттерінің негізгі себептері: антропогендік факторлар және оның ішінде шөптің жануы болып табылады. Найзағайлар және басқа да табиғи факторлар салыстырмалы түрде дала өрттерінің себебі бола алады. Дала өрттері үшін жаздың және күздің аяғы өрттің көп болатын кезеңі болып есептеледі.

Дала өрттерін орман өрттерін сөндіру тәсілдерімен сөндіреді. Дала өрті жиектеп сөндіру, оған топырақ себу, су құю (химикаттар), бөгеттер және минералданған белдеулер жасау, қарама-қарсы от жіберу (күйдіру) тәсілдерімен ауыздықталады.

Күйдіру – көбінесе ірі өрт болған жағдайда және өрт сөндіруге арналған күштер мен құралдар жетіспегенде қолданылады. Ол тірек жолағынан басталады (өзен, бұлақ, жолдар, соқпақтар) соның шетінде, өртке бағытталған, жанғыш материалдардан білік жасайды (бұтақтардың шырпыларынан, құрғақ шөптен). Өрт шыққан жаққа ауаның тарту күші білінген сәтте, қарсы өртті басында 20-30 м участкада өрттің ортасына қарама-қарсы жағады, сосын өрт 2-3 м және көрші участкілерге жылжығаннан соң өрттейді. Өрттейтін жолақтың ені 10-20 м кем болмауы тиіс, ал қатты төменгі өрт болса – 100 м.

Өрт адамның күнделікті өміріне және денсаулығына теріс әсер етеді, флора мен фаунаны жояды, материалдық шығындар болады және қоғам мен мемлекеттің мүддесіне зиян келтіреді. Сондықтан өрттің алдын алу шараларын қолдану және өрт күзетін белсендендіру керек.

С.ОРАЗБЕКОВ.

Аналарға кеңес берді

Қыркүйектің үшінші жексенбісінде Қазақстанның барлық аумағында Аналар күні атап өтілді.

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының жұмыскерлері де бұл бейресми, бірақ жанға жылы мейрамды тойлаудан шет қалмады. Орталық мамандары перинаталдық орталықтарда болып, жас аналарға кеңес берді.

Перзентханадағы кездесулер барысында мемлекеттік корпорация фронт-офистерінің инспекторлары жас аналарға "Мемлекеттік корпорация" фронт-офистері арқылы ұсынылатын жүктілік пен босану және басқа да қызметтер бойынша әлеуметтік төлемдерді рәсімдеу бойынша түсіндірмелер берді.

"Біз перинаталдық орталықтың емделушілеріне бала тууына жәрдемақыны бір ғана өтініш арқылы рәсімдеуге болатынын айтып бердік", –

дейді "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы директорының орынбасары Серікхан Сабыржанов. "Ол үшін электрондық цифрлық қолтаңбасы мен электрондық үкімет порталына қолжетімділік болса жеткілікті. Композиттік қызмет ата-аналарға бала тууға бір жолғы жәрдемақыны тағайындау және бір жасқа дейінгі бала күтіміне әлеуметтік төлемдерді тағайын-



дауға бір уақытта өтініш беруге мүмкіндік береді".

Бұдан басқа, әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығының инспекторлары Қазақстанда әйелдер үшін жүктілік демалысы төлемдерін рәсімдеу процедурасы жеңілдетілгендігін – енді жұмыс орнынан еңбекақысы

туралы анықтаманы ұсынудың қажеті жоқ екендігін айтып берді. Енді жүктілік демалысы төлемдерін тағайындау автоматтандырылған ақпараттық жүйеде көрсетілген нақты аударымдар бойынша жүзеге асырылады. Айтпақшы, қазақстандықтар 1411-тегін қызмет көрсету нөмірі арқылы жәрде-

мақыны және зейнетақыны есептеу бойынша кез-келген сұрақтарын қойып, кеңес ала алады. Сондай-ақ, Сабыржановтың айтуынша, республикалық бюджеттен жәрдемақы мен әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорынан әлеуметтік төлемдерді алушылар қалауы бойынша жәрдемақыны аудару үшін арнайы ағымдағы шот ашуларына болады. Бұндай арнайы шотқа түскен ақшалай қаражатты банктің несие бойынша кешіктірілген қарызын өтеу үшін ұстауына болмайды.

Мемлекеттік корпорация арқылы жыл басынан бастап барлығы 122 мыңнан астам жүктілік демалысы төлемдері, 288 мың бала тууына біржолғы төлем және 166 мың бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдер тағайындалған.

Облыстық ХҚКО-ның баспасөз қызметі

● ОРАҚ–2016

Егін орағы екпінді

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Ел ырысы – алтын дән. Алтын астығы жайқалған арқа төсі бүгінде дала кемелерінің дүбіріне толы. Ұшы-қиыры жоқ кең алқап дихандардың еселі еңбегімен астасып, тамаша бір көрініске енген.

Қауырт науқанды қала басшысы да қалт жібермей қадағалап, аграрлық сектор жетекшілерімен егістік бастарында кеңес өткізуде. Ауыл-аймақты қамтыған сондай кезекті бір жұмыс сапарына біз де куә болған едік.

"Балапанды күзде сана" дегендей бұл күндері егін орағы өңірде жаппай қарқынды жүруде. Уақытпен санасуды білмейтін еңбекшіл қауым үшін алға қойған басты мақсат – маңдай термен өсірілген алтын астықты дер шағында ысырапсыз жинап алу. Соған сай дала қостарында қарбалас тірлік. Дүбірлі дала төсінен қолы бос адам кезіге қоймайды. Әркім өз міндетімен айналысып, ортақ іске тас түйін жұдырықтай болып жұмылған.

Жалпы, арқалықтық дихандар биылғы көктемде 280 мың 838 гектар жерге алтын дән сіңірген болатын. Бұл өткен жылмен салыстырғанда егістік жер көлемінің 11 мың 82 гектарға ұлғайғандығын көрсетеді. Егістік көлемінің 273,3 гектарын бидай, арпа, сұлы, бұршақ, тары сияқты бидай және бидай тұқымдас дақылдар құрайды.

– Бүгінгі күннің басты талабы өнген өнімді уақытылы жинап алу екенін өздеріңіз білесіздер. Біз сіздерді толғандырған мәселелер болса білейік қолғабыс жасайық деп келдік. Ауа-райы алдағы қазан айында жаңбырлы болады деп болжануда. Сондықтан, қыркүйек айының қалған санаулы күндерін қолайлы қамтып қалғандарыңыз жөн, – деді қала әкімі Амантай Балғарин диқан ағайындармен жүздескенде.

Өз кезегінде шаруа баққан ағайындар элеваторлардың астық қабылдауында бірлі-жарымды кемшіліктердің бар екендігін алға тартты. Мәселенің мәнісі – тапсырылған бидай сапасының төмендетіліп қабылданып отырып отыр. Ал, дәл сол өнім өзге астық сақтау орындарына апарылса айырмашылық айқын байқалады. Алайда, шалғайдағы элеваторларға қатынау кім-кімге де тиімді емес.

Амантай Кәкімбекұлы мұндай ауқымды мәселені оңтайлы шешудің бірден бір жолы еңбекшілердің ауылшаруашылық кооперативін құру екендігін алға тартты. Ауызбіршіліктің алмайтын қамалы жоқ. Шағын шаруашылықтар бірігіп қам-қарекет жасайтын болса, қай істе де оң нәтижеге жетері айқын.

Алексей ЖУРАВСКИЙ,

"Возрождение–2004" ЖШС директоры:

– Қыркүйек айынан бастап орақ науқанына кірісіп кеттік. Өзіміздің астық қабылдау пунктіміз бар. Осы уақытқа дейін 4 мың гектар жердің егін орылып, бастырылды. Көрсеткішіміз 33%. Енді орақтан өткізетін 10 мың гектар жеріміз бар. Жауын-шашын кедергісін келтіруде. Әйтпесе, қарқынмыз өте жоғары. Осы айдың аяғына қарай аяқтап шығамыз деген ойдамыз.

Аңғар, Ақтас ауылдарының аумақтарында егін өсіреміз. Жылма жыл күш алып келеміз. Техникалық базамыздың да әлеуеті арта түсуде. Егіннің сапасы өте жақсы. Биылғы астығымыздың 3 кластан төмені жоқ.



Ғабдолла ХАЙРОЛЛАҰЛЫ,

"Сұңқар" жеке шаруа қожалығының басшысы:

– Егіншілікпен біраз уақыттан бері айналысып

келемін. Үштөбе ауылының аумағында 393 гектар бидайымыз бар. Ақтас ауылының көлеміне 200 гектар бидай, 80 гектар арпа, 100 гектар сұлы егілді.

Биыл үкіметтен 2 млн. теңге несие алып, қажетіме жараттым. Айтар алғысым шексіз. Сөз жоқ уақытында қайтарып беремін.

Александр ИСПРАВНИКОВ,
"Үштөбе" ЖШС директоры:



– Мен осы өңірдің байырғы тұрғындарының бірімін. Көзімді ашқаннан көріп келе жатқаным егіншілік кәсібі. Алғашында механизатор болып та жұмыс жасадық. Енді, міне заман ағымына ілесіп, өз алдымызға еңбек етеміз.

Біздің "Үштөбе" серік-тестігі биыл 3 мың 963 гектарға бидай, 231 гектарға арпа, 5 гектар жерге картоп, 1 гектарға бақша өнімдерін көңілден шығады. Бақша өнімдері де мол шықты.

Табиғаттың тылсым мінезі қызық қой. Жаңбыр кейде ала-құла жауады. Ана жақтардың шаңы шығып жатыр. Ал, біз болсақ егістігіміз су болғасын жердің кепкенін күтіп, ора алмай отырмыз.

Қазбек МҰҚАШЕВ,

"Бірлік және К" ЖШС директоры:

– "Баптай білсең жер жомарт" деген. Біз агротехникалық шараларды дұрыс атқаруға күш саламыз. Соның арқасында шаруашылығымыз ілгері басып, қанатын кеңге жайып келеді. Техниканы да жаңартып тұруға көп мән береміз. Бірнеше жаңа комбайндар сатып алдық.

Бұрын бір ауылдың көлемімен ғана шектелетінбіз. Қазіргі таңда Фурманов, Жалғызтал, Целинный ауылдарының аумақтарынан жер алып, барлығы 31960 гектарға егін салдық. Оның 29926 гектары бидай, 1202 гектары арпа, 832 гектары сұлы. Бүгінгі таңда 17952 гектардың астығы жиналып алынды.



Қасқырбай ӘБДІҚАДЫРҰЛЫ,
"Бірлік және К" ЖШС №2 бригадасының агрономы:

– Бір қиыны егіннің кейбір жерлерінде тотығу (ржавчина) ауруы пайда болуда. Ол өсімдіктерге ауа арқылы жұғатын кеселдің түрі. Жер өңдеу шараларын жоғары деңгейде жүргізгенге қара-



майды.

Былайынша егіннің шығымы жаман емес. Гектарына 7-8 центнерден айналууда. Біздің жеріміздің табиғат климатын ескерсек барды қанағат етуге болады.

Ғалымбек НҰРЛЫБЕКОВ,
қалалық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы:

– Біз бүгінде қала әкімімен бірге өңірдегі егінжайларды аралап танысып жүрміз. Қазіргі таңда қандай жағдайда? Қаншасы орылды? Егіннің шығымы қандай? – деген сияқты сауалдарға жауап іздеумен қатар, шаруашылықтарда белгілі бір мәселелер кезігіп жатса оны да қарап, ескереміз.

Сондай-ақ, несиені уақытылы қайтару керектігін де естеріне салып жүрміз. Биыл көктемгі тұқым себу науқанын өткізу үшін 68 ауылшаруашылық тауар өндірушілеріміз "Тобыл ӘКК" АҚ кепіл болуымен "Азық-түлік корпорациясы" ҰҚ" АҚ арқылы 383 млн. 231 мың 264 теңге несие алған болатын. Осы алынған несиелерді алдымыздағы қараша айының басына дейін (01.11.2016 ж.) өтеу қажет. Қарызды ақшалай және астықтай қайтаруға болады.

Бүгінгі таңда егіннің 70%-ы орылды. Орта есеппен гектарына 9,3 центнерден өнім беруде.

Егін орағына 615 комбайн, оның ішінде 54 бірлік жоғары қарқынды техника (Джон-Дир, Кейс, Клас, Акрост.б) қатысуда.

Егіннің шығымы әр жерде әртүрлі. Мәселен, әлгінде біз көріп танысқан Аңғар ауылындағы егіннің түсімі гектарына 10-11 центнерден айналса, Ақтас ауылында 9-10, Үштөбе, Фурманов ауылдарында 8-9, Восточный ауылында 10-12 центнерден келуде. Дей тұрғанмен жоспар межесінен шығамыз деп санаймыз. Тек, жауынға қалдырмай жинап алуымыз керек. Күн райы ашық болса болды, басқа айтарлықтай мәселе жоқ. Жанар-жағар май жеткілікті. Күзгі жиын-терім үшін үкіметтен Арқалық қаласына 4 мың 443 тонна жеңілдетілген жанар-жағар май бөлінді. Өнім өндірушілеріміз өзге де жеңілдіктерді пайдаланып, игілігін көріп отыр.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕРДЕ: егін орағынан көріністер; Арқалық қаласының әкімі Амантай Балғарин өнім өндірушілермен кеңесуде.

Суреттерді түсірген автор.

ДОМБЫРА – ДУМАН



Тобыл бойын думанға бөлеген

«ДОМБЫРА-ДУМАН» ФЕСТИВАЛІ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

Өңіріміздегі баспасөздің қарашаңырағы – «Қостанай тағы» газетінің төл жобасы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына, Қостанай облысының 80 жылдығына және Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының оқу орны болып құрылғанының 45 жылдығына арналып ауқымы кеңейген шара өтті.

Мерекелік шараға Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай мемлекеттік



номинациялары бойынша өткен байқауға күйші-композитор, Қазақстанның Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Айтбай Мұздаханов төраға болып, ақын, ғалым ағаларымыз бен халықаралық байқаулардың лауреаттары қазылық жасады. Ал шараға «Ішкі істер органдары және Ұлттық ұлан ардагерлерінің Қазақ ұйымы» қоғамдық ұйымының төрағасы, милиция генерал-майоры Өмірзақ Болсамбеков, ҚР ІІМ Кадр жұмысы басқармасының бастығы Алтынғали Әбдіғалиев бастаған бір топ құрметті қонақтар шақырылды.

Өңіріміз бен еліміздің аймақтарынан келген студент-курсанттардың орындауында «Жұмыр қылыш», «Төрмұрат», «Кербез қыздың жүрісі-ай», «Ерке сылқым», «Кішкентай», «Жастар биі», «Адай» күйлерімен қатар, Ақтан жыраудың толғауы, «Туған жер», «Амалым қанша?», «Әдемі қыз», «Үш арыс», «Дүние-ай!» әндері бір әуеледі.

Жоғарыда сөз еткен, мерекенің басты себепкері Шырақбек Қабылбаевқа сыйға тартылған домбыра сахна төріне шығарылып, Біржан салдың «Сырғақты» әні сол арада шырқалғанын айта кетейік. Ал елімізге танымал әнші Ерлан Құжыманов пен жерлесіміз Еркебұлан Қасымов та арнайы шақырылған меймандар қатарында. Сондай-ақ ата дәстүрімізді жалғастырып келе жатқан домбырашы бүлдіршіндердің квартеті көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Шараға ұйытқы болған біздің газетіміздің атынан облыстық байқаулардың лауреаты, жас

әнші-композитор Жұлдыз Бермағанбетова ән-шашу арнады.

«Домбыра-думан» шарасына ауыл шаруашылығы саласының үздігі Ж.Құдайқұлов негізін

айрықша үлес қосып келе жатқан «Ұлан» ЖШС тұрақты демеушілік жасап келеді.

Сонымен қос номинацияның қорытындысы



салған республикамыздағы алғашқы серіктестік – «Қарабатыр» Агрофирмасы» ЖШС, өңіріміздің құрылыс саласына

жарияланып, республикалық «Домбыра-думан» фестивалінің «Күй» аталымы бойынша «Шырақбек Қабылбаев» атындағы бас жүлде Міржақып Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетінің студенті Амангелді Өмірзақовқа тапсырылды. Ал ҚР Ұлттық ұлан Әскери институтының өкілі Олжас Сұрағанов «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша бас жүлдені жеңіп, «Жәнібек Кәрменов» атындағы сыйлықты иеленді.

Ұйымдастырушылар «Домбыра-думанның» әлі де жалғасын тауып, еліміздің басқа өңірлерінде өткізуді жоспарлап отырғанын жеткізді.

Суреттерді түсірген
Айбек ЖҮЗБАЙ.



педагогикалық институты, Академик Зұлқарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті, Міржақып Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті, Рудный индустриалдық институтының студенттері мен ҚР ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, ҚР ІІМ Малғаждар Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының, ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті Көкшетау техникалық институтының, ҚР Ұлттық ұланы Әскери институтының және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының курсанттары қатысты.

– Бүгінгі фестиваль алаштан ән озырған Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі Жәнібек Кәрменовтің сол кездегі Ішкі істер министрі болған Шырақбек Қабылбайұлына тарту еткен домбырасының құрметіне арналып отырғанын айрықша атап өту



керек. Біз болашақ полиция маманын даярлап шығарғанымызбен, олардың бойына ұлттық тәрбиені де беруді қатар алып жүруіміз қажет. Әр азаматтың бойында Отанға, туған елге, туған халқына деген сүйіспеншілік болу үшін рухани өмірдің де қалыптасқаны абзал, – деді академия бастығы Мирлан Қызылов.

«Күй» және «Дәстүрлі ән»



● ТКШ-НЫ ЖАҢҒЫРТУ

Қыстың қамына кірісті

Жылу қазандықтары жаңартылды

Қоңыр күздің алғашқы айының өзінде-ақ табиғат құбылмалы мінезіне еніп үлгірді. Бұл Қостанайдағы жылу берушілерді бей-жай қалдырмады. Күн сайын қаладағы жылу қазандықтарының, магистральдардың әзірлігі мұқият тексеріледі.

Айта кету керек, биылғы жылдың көктемінен бастап "КТЭК" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жөндеу-алдын алу жұмыстарына өзінің меншігіндегі қаражатын жұмсады. Бөлінген ақша көлемі – 197,5 миллион теңге.

Соның ішінде 53,931 миллион теңге инвестициялық бағдарлама бойынша жұмсалды. Қаражат тапшылығы анықталғандықтан бір миллион үш жүз миллион теңге несие алу жоспарлануда.

Мердігерлік ұйымдар "Нұрлы жол" бағдарламасымен Павлов көшесіндегі (екінші кезегі) жылу жүйесін және №2 қазандықтың ұзындығы екі шақырым, жылу магистралын қайта қалпына келтірді.

Нақтылап түсіндіргенде Павлов көшесінің ұзындығы, 0,937 шақырым, жылу жүйесі жөнделді. Оған 271,1 миллион теңге жұмсалды. №2 қазандыққа жалғанатын 1,250 шақырымдық жылу магистралын қайта қалпына келтіруге 433,5 миллион теңге бөлінді.

Шаруашылық есеппен Карбышев көшесіндегі жылу магистралын күрделі жөндеу жоспарлануда. Мұның сыртында кәсіпорын өзінің дербес қаржысымен шаруашылық есеппен кварталаралық, ұзындығы 3,51 шақырым, жылу жүйесін де күрделі жөндеу күн тәртібіне қойылды. Тамыз айында 1,7 шақырымға құбыр айырбасталып, 15,2 миллион теңге игерілді.

Сонымен қатар "Аэропорт" тұрғын үй кешеніне жылу беретін, қуаты 33,747 Гкал шағын қазандығының құрылысы салынуда.

Жылу энергиясы орталығына қандай шаралар белгіленгеніне тоқталайық. Бұды өндіретін №1, №2 қазандықтардың құбырларына мердігерлік ұйымдардың күшімен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. №4 бұды өндіретін қазандықтың бұды суытқышы жөнделді. Келешекте белгіленген кестемен №5 бұды өндіретін қазандық күрделі жөнделетін болады.

Суды қайнататын №1-4 қазандықтар ағымдағы жөндеумен қамтылады. №5 суды қайнататын қазандық та ағымдағы жөндеумен қамтамасыз етіледі. АР - 635.5 (№1) турбинасының бу қорабшасының металы, АР - (2) 635.5 турбинасы ағымды түрде жөнделеді. №2 және №3 қазандықтарда да әжептәуір жұмыстар атқарылады.

Жылу көздері жабдықтарының жұмысы үнемі бақылауда. Бекітілген кестемен солар күрделі жөндеумен қамтылады. Ондаған жылу қазандығын және екі турбинада ағымдағы жөндеу жұмыстары қолға алынды. Бүгінгі күні жеті қазандық жөнделді.

— Жоғарыда аталған шаралардың пайдасы көп. Біріншіден электр энергиясын пайдалану тәсілін оңтайландырады. Сонымен бірге жасалатын қызметтердің сапасы мен тиімділігін жақсартады, судың шығынын төмендетеді, отынды жұмсауды азайтады. Шынтуайтына келгенде, тұтынушы талаптарын орындауға толық жол ашады, — дейді Қостанай жылу-энергетикалық компаниясының директоры Асқар Бекпағанбетов.




Көше жолдары тегістелуде

Аймақ басшысы Архимед Мұхамбетов өткен жылдың өзінде Қостанай қаласы көшелерінің асфальты мүлде сапасыз екенін сынаған болатын. Жанашыр әкім автокөлік инфрақұрылымын шұғыл түрде қалпына келтіруді ұсынды. Жөн-жоба сілтеп қана қоймай, бюджеттен төрт миллиард теңгеден астам қаржы бөлгізді.

Бұрынғы жылдары да қала көшелерін жөндеуге тиісінше ақша жұмсалатын. Сұрастыра жүріп анықтадық, сол қаржылар биылғы қаражаттың жартысына жетер-жетпестей ғана.

Ала жаздай қаланың көшелері күндіз-түні жөнделді десек, артық айтқандық бола қоймас. Бірінші кезекте асфальттың шұңқырланып, ойылған тұсын тегістеу қолға алынды. Жол жөндеушілерге күдіктенгендер қазір сеніммен қарауда. Белгіленген жоспардың алпыс пайыздан астамы орындалды.

Жол құрылысы жұмыстары әлі де қарқынды. Орташа жөндеуге мән берілген. "Қостанай автодор" ЖШС-нің мердігері Матросов, Перронный, Фабричный, Чехов, Л.Беда, Комаров, Уральский, Совхозный көшелерінде, теміржол бекеті алаңында, жетінші шағын ауданында, Аманкелді, Дружба елді мекендері тұсындағы учаскелерді толық иемденген. Серіктестік ұжымы көшегі күнге дейін Алтынсарин көшесінің Таран көшесінен Гагарин көшесіне дейінгі аралықты, Карбышев, Баймағамбетов, Интернационалисттер, 3.Космодемьянская, Краснопартизан көшелерін, сегізінші шағын ауданындағы көшелерді ас-



фальтпен тегістеп үлгірді.

Бес көшеге "Рейсаклирания" тәсілімен орташа жөндеу жұмысы жүргізілді. Мұны келісімшартпен "Көкшетауавтодор" ЖШС атқарды. Олар Тобыл, Юный боец, Пионер көшелерін қалпына келтірді. Бүгінде Фролов, Қазақ көшелерінде жұмыс қарқын алуда.

Ағымды жөндеу жұмыстары да ұмыт қалмады. "Вескор" серіктестігінің мердігері 118 мың шаршы метр жердің жұмысын қалпына келтірді. Жоспардағы жұмыс көлемі 114,5 шаршы метр болатын.

Айта кету керек, қала әкімдігі күрделі жөндеудің ауқымы кең екенін білсе де кешеуілдетпеді. Абай даңғылының Л.Беда көшесінен Павлов көшелері аралығына күрделі жөндеу басталды. Алты мың шаршы метр жерге асфальт төселді. Сонымен қатар Л.Беда көшесінен Хакімжанова көшесіне дейінгі шекарада да жұмыс жүргізілуде.

Баспаналар бүтінделді

Қостанай қаласында көп-пәтерлі 1084 тұрғын үйдің 869-ына тоқсанға жуық "ПКСК" және басқа ұйымдар қызмет көрсетеді. Екі жүзден астам көпқабатты үйлерге ешқандай ұйым қызмет көрсетпейді.

Аталған тұрғын үйлерді алдағы қыс маусымына даярлау уақытылы жүргізілді. Үйлердің подъездерін, төбесін жөндеу белгіленген кестемен жүргізілді. Ыстық және суық сулардың құбырлары, кәріз жүйелері айырбасталды.

Пәтер иеленушілердің шағымы ескерілмей қалмады. Арнайы құрылған комиссия жан-жақты тексерді. Олар тұтынушылардың арасында жөнсіз әрекеттер жасалатынын анықтады. Пәтерлерде жылу температурасының неге құбылатыны тексерілді.

Кейбір үйлердің ынталы тобы тиісті орындармен келісім жасамай-ақ ішкі инженерлік коммуникацияларға өзгерістер жасайды. Еденге жылы бұйымдар төсейді.

Шындығына келгенде, пәтер иеленушілер кооперативтері де кінәлі. Пәтерлерді жөндеуден бұрын кооперативтегі инженерлік коммуникация құры-

лымы нақты бақылануға тиісті. Тіпті, орынсыз шеберлік жасағандарды жауапқа тартуға дейін баруына болады.

Биылғы жылдың мамыр айында көңес ұйымдастырылды. Жиын Кебеев көшесіндегі №17 үйде өткізілді. Басқосудың хаттамасында тұрғындар ішкі жылу жүйесіне рұқсатсыз өзгерістер енгізгені туралы атап өткен. "Данко" кооперативіне қарасты Садовая көшесіндегі №51 үйде, Герцен көшесіндегі №62 "А" үйде де осындай жағдайлар орын алған. Кінәлілер қателіктерін мойындады.

Негізінде барлық кооперативтер жазғы жөндеу жұмыстарының талаптарға сай жүргізілуін қадағалауы керек. Әрбір атқарылған жұмыстың сапалылығынан нәтиже пайда болады. Яғни, жылу беру кезінде қол байлайтын кедергілер туындамайды.

Жаңа маусымның алдында кооперативтер ескеретін жай-

ларды ұмытпағаны жөн. Бұлар — жылу құбырларын жуып, тазалаған кезде белгіленген шаралардың дұрыс жүзеге асырылуы, көпқабатты пәтерлерде жылу жүйелерін және ыстық судың құбырларын рұқсатсыз алмастырмау, инженерлік коммуникациялардың қалыпты жағдайда болуы және басқалар.

Шілде айында тұрғын үй инспекциясының мамандары, жылу энергия компаниясының инспекторлары пәтерлерді иеленушілер кооперативіне қарамайтын екі жүз он бес тұрғын үйге тексеру жүргізді. Арнайы топ орын алған олқылықтарды атап көрсетті.

Жылу беру маусымына қатысты мәселенің бірі арнаулы жылу есептегішіне байланысты. Тамыз айының екінші онкүндігінде екі жүзден астам есептегіш құралдың қырық данасы орнатылғаны хабарланды.

СУРЕТТЕРДЕ: Қостанай жылу энергетикалық компаниясының директоры Асқар Бекпағанбетов; кәсіпорынның учаскелері қызу еңбекке толы; қала көшелерін жөндеу сәті. Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Бетті дайындаған Ермекбай ХАСЕНОВ.

● БІЛІМ

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Жиырма бірінші ғасыр – жоғары технологиялар, жаһанды өзгерістер, білім ғасыры. Осы заман талабына сай, бәсекеге қабілетті болу үшін қандай да салада білімді, жаңалыққа дайын, құзыретті мамандар қажет. Сол үшін әрбір мұғалімге өз ісін жүргізуде, педагогикалық шеберлігін арттыруда өзгерістер қажет етеді.

Осы орайда, ұстаздар қауымын жаңартылған білім беру бағдаламасы бойынша біліктілігін арттыруға шақырамын. Өзім де осы бағдарлама аясында үш апталық оқуға қатысып, білімімді тереңдеткенімді тілге тиек еткім келеді. Бұл біліктілікті арттыру курсына көлген әрбір мұғалім бастауыш сынып пәндері бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан педагогикалық шеберліктерін жетілдірді.

Мұғалімдердің жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру барысында жүгінетін негізгі құжат оқу бағдарламасы болып табылды. Жаңартылған бағдарламада үштілділік саясатын жүзеге асыру, жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану, АКТ қолдану, оқушылардың жетістігін бағалау, оқу мақсаттарының жүйесі және ұзақ мерзімді жоспары, пәнді сапалы және тиімді оқытуға қажетті құралдардың тізімімен жаңашаланып ерекшеленеді. Тағы бір өзгерісі, пәндерде тыңдалым мен айтылым, оқылым, жазылым әрекеттерін дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері көрсетілген. Мұғалімдер осы біліктілікті арттыру курсынан игерген жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, мазмұнын және мақсаттарын, әдіс-тәсілдер мен оқу материалдарын алдағы

уақытта өз іс-тәжірибелерінде қолдана білсе оқушылардың болашағы жарқын болмақ.

Сөзімді қорытындылай келе, елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың "Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде көтеріледі. Сондықтан, ұстазға жүктелетін міндеттер ауыр" деген сөзінің бізге, ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік жүктейтінін еске саламын. Осы міндеттерді орындайтын ұстаздарға шығармашылық табыс, күш-қайрат, сарқылмас білім мен таусылмас жігер тілегім келеді.

Гайһар БЕКТЕНОВА,
№7 орта мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі.

Рудный қаласы.

Суық тигендер саны артқан

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Өңірде өткір респираторлық вирусты инфекцияға шалдыққандар саны күн санап артуда. Соңғы аптаның ішінде ғана облыс емханаларына үш жүзден аса науқас дәрігер көмегіне жүгінген. Мамандардың айтуынша, желтоқсан мен қаңтардың басында суық тиіп ауырғандар қатары өлі де көбейеді, сондықтан дәрігерлер де сақтық шараларын күшейтуді қолға алмақ. Айта кетер жәйт, қазан айының 1-нен бастап өңірде вакцина егу жұмыстары қолға алынады. Жергілікті бюджеттен бөлінген қаржыға 14,5 мың доза вакцина сатып алынған. Тегін вакцинамен балалар, 60-тан асқан кісілер, диспансерлік есепте тұрғандар, медицина қызметкерлері, жүкті әйелдер және балалар үйлерінің тәрбиеленушілері қамтамасыз етіледі.

Төлем карталары мен қолма-қол ақшасыз есеп айырысу туралы

Қазіргі таңда Қазақстанда төлем карталары арқылы жүзеге асатын қолма-қол ақшасыз есеп айырысулар көбейіп келеді. Төлем карталарын шығаруды Республикада жұмыс істейтін 35 банктің ішінде нақты 25 банк, сонымен қатар "Қазпочта" АҚ жүзеге асырады. Аталған ұйымдармен қазіргі таңда 15 млн. артық төлем карталары шығарылған, ал аталған карталарды пайдаланушылардың көлемі – 13,9 млн. адамды құрайды. Яғни, еліміздің әр экономикалық белсенді тұрғынында ең болмаса бір төлем картасы бар деп айтуға болады.

Соңғы жылдарда қазақстандықтар қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға әбден дағдыланған. Қазақстанда шығарылған төлем карталарының көпшілігі халықаралық болып келетіндіктен, төлем карталарымен өз шығындарын ел ішінде де, сол сияқты шетелде де төлеуге ыңғайлы. Олармен, Интернет желілерінде сатып алуларды жүзеге асыру да қолайлы. Жалпы төлем карталары қазіргі таңда тауар мен қызметтер үшін төлем жасаудың ең белгілі құралы болып табылады. Төлем карталарын ұстаушы халықтың басым бөлігі карталық шотқа жалақы, стипендия, зейнетақы, әртүрлі жәрдемақы және т.б. алатындықтан олар кең таралып жүр, сәйкесінше қаражатты тек өзінің карталық шоты шегінде жұмсайды.

Анықтама бойынша, төлем карточкасы банктік шотты қашықтықтан басқарудың кілті болып табылады және оның иеленушісіне төлемге карточкаларды қабылдайтын әртүрлі сауда және қызмет көрсету кәсіпорындарында тауар немесе қызмет үшін қолма-қол ақшасыз төлем жүргізуге, банк бөлімшелерінде және банкоматтарда қолма-қол ақшаны алуға, сонымен қатар басқа қосымша қызметтерді және артықшылықтарды пайдалануға мүмкіндік береді

Төлем карталарын пайдаланудың қандай артықшылықтары бар? Біріншіден, бұл қауіпсіздік. Яғни, төлем карточкасын жоғалтқан кезде, оны ұстаушы ақшасын жоғалтпайды. Егер төлем карточкасы жоғалған немесе ұрланған болса, бөтен тұлға ДСН-кодын білмей банкоматтан қолма-қол ақшаны ала алмайды. Қазіргі кездегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйелері осы төлем құралының иеленушісіне банкпен хабарласып, картаны оқшаулауға мүмкіндік береді. Оны қайта шығаруға бірқатар уақыт қажет болады, дегенмен ол картадағы барлық ақша, бұрыңғыдай сол шотта сақталып қалады.

Екіншіден, есеп айырысудың же-

делдігі және қолайлығы. Төлем карточкалары дүкендерде немесе супермаркеттерде сатып алулар үшін, сонымен қатар кафе, мейрамханаларда, жанармай құю станцияларында, сұлулық салондарында, дәріханаларда және т.б. тез төлем жасауға мүмкіндік береді. Төлем карточкаларынан керек ақша сомасы алынатын болады, бұл өз алдында сатып алушылардың өзімен бірге әртүрлі купюралар мен монеталарды алып жүру қажеттілігінен босатады.

Сауда желілерінде төлем карточкасын пайдалану кезінде пайдаланушылардан POS-терминал арқылы транзакция өткізген үшін комиссия ұсталады деген пікір бар. (POS-терминал – тауар немесе қызмет үшін төлем жасайтын жерде орнатылған қондырғы). Бұл жағдайда комиссия төлем карточкасынан ұсталмайтынын атап өту қажет, өйткені аталған шығындарды банкпен шарттық қатынастар бөлігінде кәсіпкерлік субъектілер өтейді.

"Нәліктен сіз есеп айырысуда өзіңіздің карточкаңызды сирек қолданысыз?" деген сұраққа төлем карталарын пайдаланушылардың кейбіреулері, ақша жұмсауды қадағалау мүмкін емес, себебі, амиянда әр кезде қанша қолма-қол ақша қалғанын көруге болады деп жауап береді. Бұл ретте төлем карточкасын пайдалана отырып төлем жасағаннан кейін, карточка ұстаушыға сатып алу сомасы көрсетілген сауда чегі берілетінін атап өту қажет. Бұл чекте банк арнайы бонустық шотқа төлейтін бонустардың сомасын көруге болады, оларды содан кейін сатып алуларға пайдалануға болады. Бұл өз алдында төлем карталарының тағы бір артықшылығы, себебі оларды бөлшек саудасында пайдалану кезінде, карталық шотқа қосымша сома есептелетін мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда банктердің көбінде карточкалық өнімдер бойынша бонустық жүйелер қарастырылған, ал бонустардың көлемі сатып алынатын өнім мен төлем сомасына байланысты 10 пайызға дейін жетіп жатады. Тауарлар мен қызметтер үшін есеп айырысуда төлем карталарын пайдалану кезінде картаны пайдаланушы үшін қай банктің POS-терминалы арқылы төлем жүргізілетіндігі маңызды еместігі де айтарлықтай артықшылық болып табылады, себебі, банкомат арқылы ақшаны алу әдетте комиссия пайызын ұстап қалумен жүргізіледі, ал "бөтен" банкоматтан ақшаны алу одан да қымбатқа түседі.

Үшіншіден, әмбебаптығы. Халықаралық төлем жүйелерінің төлем карточка-

лары (Visa, MasterCard) шетелде де жұмыс істей береді. Сондықтан, саяхатқа немесе іс-сапарға барарда қаражаттың айтарлықтай көп сомасын сөмкеге немесе қалтаға салмай, карталық есепте қалдырған қауіпсіз.

Басқа елде төлем карталары арқылы есеп айырысудың ерекшелігі шетелде төлем карталары арқылы валюта-айырбастау операцияларын жүзеге асырған кезде, осы операцияларға байланысты шығындар төмен болып келеді, себебі айырбастау пункттеріне қарағанда айтарлықтай пайдалы бағаммен конвертациялау жүргізіледі. Басқа артықшылық – тауарлар мен қызметтер үшін төлемді, қазіргі кезде ірі сауда орталықтарымен қызмет көрсету салалары жабдықталған POS-терминалдар арқылы төлем жасаған кезде сатып алулардан комиссия ұсталмайды, ал конвертациялау сол сияқты айтарлықтай пайдалы бағаммен жүзеге асырылады.

Карталық шоттағы қаражаттың шығындарын мобильдік банкингке қосу арқылы қадағалауға болады. Бұл ретте, төлем карта бойынша кіріс пен қаражатты жұмсау туралы транзакциялар бойынша ұялы телефонға мәлімет келіп түседі. Сонымен қатар, карталық шоттағы транзакциялар туралы мәліметті банктердің электронды қаржылық порталдары арқылы, өзіңіздің үйдегі компьютерлеріңізден немесе жұмыс орныңыздан тұрмай ақ қарауыңызға ыңғайлы. Банктің электронды қаржылық порталы карт-шоттың жағдайын қадағалауға ғана емес, сонымен қатар әртүрлі операцияларды жүргізуге мүмкіндік береді – салық төлеу, ұялы байланыс операторларының төлемін жүргізу, қаражат аудару және т.б.

Төлем карталары арқылы сатып алуларды Интернет арқылы жүзеге асыру ыңғайлы, бұл ретте тауарлардың айтарлықтай төмен бағасы есебінен қаражатты үнемдеуге болады. Пайдаланушылардың көбінде төлем карталарын пайдаланған кезде, шұғыл шара қолданатын қиындықтар мен күтпеген жағдайлар туындайтынын атап өткен жөн. Пайдаланушыларға барынша көп ақпараттық көмек көрсету мақсатында Ұлттық Банк төлем карталарын қауіпсіз пайдалану бойынша нұсқаулық жасаған. Солардың ішінде:

– ешкімге ДСН-кодын бермеңіз, тек қана төлем карточкасын пайдаланушы ғана ДСН-кодын білуге тиіс;

– өзіңізде әрқашан төлем карточкасын берген банк-эмитенттің байланыс телефондары және басқа да ақпаратты жет-

кізуші құралдарында төлем карточкасының номері болуы қажет: қойын дәптерде, ұялы телефонда, бірақ ЖДН-коды жазылғанның жанында ғана емес. Төлем карточкасын, ЖДН-коды немесе оның деректемелері туралы ақпаратты жоғалтқаны айқындалған кезде, дер кезінде банк-эмитенттің клиенттерді қолдау қызметіне жолығуға және банк қызметкерінің келесі нұсқауларын ұстану қажет;

– егер банкоматта төлем карточкасымен операцияларды жүргізген кезде, банкомат төлем карточкасын қайтарып бермесе, банкоматта көрсетілген телефон бойынша банкке телефон шалып, болған жағдайды түсіндіру қажет, сонымен қатар банкомат қайтарып бермеген төлем карточканың банк-эмитентіне жолығу қажет және де одан әрі банк қызметкерінің нұсқаулығын ұстану қажет.

– Интернет желісі бойынша сауда жасау барысында дербес деректер мен ДСН-кодын, төлем картаңыздың қолданылу мерзімін, кредиттік лимит туралы мәліметтерді бермеңіз. Интернет желісі бойынша сауда жасау кезінде заңнан тыс әрекеттердің алдын алу мақсатында тек көрсетілген мақсатқа ғана қолданылатын виртуалды, яғни сауда мен қызмет орталықтарында төлем картасын пайдаланбай операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін бөлек төлем картасын пайдаланған жөн.

Осы сияқты ұсыныстардың нақты тізбесі ҚР Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz сайтында Төлем жүйелері/Жарияланымдар бөлімінде орналастырылған. Осылайша, берілген кеңестерді ұстану төлем картаның, оның деректемелерінің, ДСН және басқа да мәліметтердің сақталуына барынша мүмкіндік беріп, тауарлар мен қызметтер үшін төлемді қолма-қол ақшасыз банкоматта, сонымен қатар Интернет желісі арқылы да төлем картасын пайдалану арқылы операцияларды жүргізу кезінде мүмкін болатын тәуекелдерді азайтады.

POS-терминал арқылы төлемді қабылдаудан бас тарту болған жағдайда төлем картасын пайдаланушы Қостанай қ. Мемлекеттік кірістер басқармасына келесі сенім телефондары арқылы хабарласа алады: 8-7142-28-85-36 немесе сол жерге жазбаша арыз бере алады. Сонымен қатар, төлем карталарын пайдаланушылардың құқықтары бұзылғандығы жөнінде Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 87710179900 номеріне WhatsApp арқылы хабарлама жасауға болады.

ҚР Ұлттық Банкінің
Қостанай филиалы.

● АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Орнын тапқан
оралман бар ма?

Жақында Рудный қаласындағы мүгедектер қоғамының базасында оралмандардың басын қосқан жиын өткен еді. Оған қалалық ішкі саясат бөлімі, жұмыспен қамту орталығы, ХҚКО және көші-қон полициясының мамандары қатысты.

Алдымен сөз тізгінін алған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы Ұлбосын Жаныбасова: "Айтарлықтай жаңалық жоқ, жұмыссыз жүрген кісілер болса келсін, тізімге аламыз және бос орындарға бағыт-бағдар береміз. Әрі қарай жұмыс берушімен келісімге келсеңіздер жұмыс істей бересіздер. Бізде наубайханашы секілді үш айлық курстар ашылған, оқып алуларыңызға болады әрі ол үшін шәкіртқа да белгіленген" деп қысқаша мәлімет берді.

Одан кейін жиынға келген қандастар еңбек өтілі туралы, азаматтық алу, жәрдемақы рәсімдеу, жұмысқа орналасу, тұрғын үймен қамтамасыз ету сияқты көптеген мәселелерді алға тартты. Айта кетерлігі, біз сияқты оралмандарды қинайтын басты мәселе ол – азаматтық алу ғой. Бүгінде Рудный қаласында тұрып жатқан оралмандардың денінің екі азаматтығы бар. Ал, азаматтық алу үшін Алматыдағы Өзбекстан елшілігіне баруың керек. Осыған орай, "Біздің ақшамыз болмаса, ел неге сонша қиналуы керек? Осында сол толқуымызды тапсырсақ қалай болады екен?" деп сауал қойғандарға оралмандарға үнемі жаны ашып жүретін Үсебай Жұмабеков: "Бұл мәселені біз 5 ай бұрын көтерген болатынбыз. Жоғарыға хат та жолдадық, қазір қаралып жатқан көрінеді. Бірақ, бұл тез шешіле қоятын мәселе емес. Олар сыртқы істер министрлігіне тапсырған, ал олар Өзбекстанмен келісуі керек. Төлқұжат сол мемлекеттің мүлкі.



Не істеу керектігін де солар шешеді. Бір шешімін айтқанда ғана біздің Қазақстан онтайлы шара қолдана алады. Бір сұрақты айтып мезі қылмай, басқа проблемаларға тоқталыңдар", – деп жауап беріп, бұл мәселені шорт кесті.

Жиында сөз алған оралман аның сөзі бәріміздің жағамызды ұстатты. Айтуынша, бірінші сыныпқа баратын немересіне (қыз бала) "жынды" деген диагноз қойылып, немересі бүгінде соның салдарынан мектеп табалдырығын аттай алмай отыр екен. Немересіне орыс тілді психолог мамандары түрлі сұрақтар қойғанда бала жауап бере алмаған. Зейін қойыңыз, орыс тілді психологтар! Қыз орысша білмегені үшін жауап бере алмаған болуы да мүмкін ғой. Сөзге түсінбеген қаршадай балаға "жынды" деген диагноз қою қисынға келмейді әрине. Он екі мүшесі сау әрі ақыл-есі дұрыс болса да немересі осылайша мектепке бара алмай отырған көрінеді.

– Биылғы жаңа оқу жылында не-

меремді қаламыздағы №13 мектепке 1 сыныпқа апардым. Қолымда гүл. Мәз-мейрам күйде барған мені мұғалімдер қуып шықты. Мейлі, қате шешімге келгендері түзетілетін дүние ғой, ал педагог, зиялы қауым бола тұра мені қуып шыққандары жүрегімді жаралады. Мен де педагог болдым, бірақ педагогтің қадірін бұлай қашығанды бірінші рет көрдім. Тек, жаға ұстағаннан басқа амалым қалмады. Сол мектептің директорымен қоса алты адам менің немереме қойылған "диагнозды" растап қол қойыпты. Немеремнің шешесінің жуастығын пайдаланып, оған да қол қойдырып алған. Сөйтіп, сау бала "жындыға" айналды, – дейді көзіне жас алған кейуана.

Өкінішке қарай, қалалық оқу бөлімінен ешкім келмеді. Дегенмен, қала әкімдігінің өкілі өз қойын дәптеріне Нина Қосжанқызының бұл проблемасын түртіп қойған болды.

Көңіл толмаған бір жәйт, кейбір сауалдарға жауаптың орыс тілінде қайтарылғандығы. Қалалық халыққа қызмет көрсету орталығының директоры Елена Селянинаның орыс тілді баяндамасына түсінбеген қандастар қынжылыс білдіріп жатты. Оралмандармен кездесу болған соң қазақ тілді мамандардың келгені дұрыс еді. Жиында өзінің жағдайының төмен екендігін айтқан жалғызбасты аның сауалы да мамандардың "көріп шығамыз" деген жауабымен жылы жабылып қойды. Сол жиынға келген заңгеріміз де телефонды сылтаура-тып сыртқа шығып кетті. Осылайша, оралмандардың заңгер тарапынан білгісі келген көп сауалдары жауапсыз қалды...

Жарасқан БЕКНАЗАРҰЛЫ.
Рудный қаласы.

Жалғасын тапқан игі шара

Әр оқу жылының қарсаңында "Мектепке жол" акциясының өткізілуі дәстүрге айналып келеді. Биылғы оқу жылында да аталмыш шара жалғасын тауып отыр. "Мектепке жол" акциясы аясында оқушыларды жаңа оқу жылына дайындау науқанына С.Мәуленов атындағы гимназия ұжымы бір кісідей атсалысты. Аз қамтылған отбасыларындағы оқушылардың мектеп формасы, оқуға қажетті құрал-жабдықтармен толықтай қамтылып, алаңсыз білім алуына жағдай жасау және балалардың әлеуметтік жағдайлары бойынша мектепке бармауының алдын алу мақсатында ұйымдастырылған қайырымдылық шарасына демеушілер де қатысты. Аз қамтылған отбасыларының балаларына ақшалай көмек көрсетілді. Бүгінгі таңда гимназиямыздағы барлық

оқушылар арнайы мектеп формасымен қамтылған.

Елбасының балаларды оқумен толық қамту туралы тапсырмасын орындау мақсатында ағымдағы жылдың 1 тамызы-30 қыркүйегі аралығында "Мектепке жол" акциясы негізінде аз қамтылған, жетім, көп балалы отбасылардан шыққан оқушы балаларға кітапханадан тегін оқулықтар алып берілді және бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Осындай игі істер балаларды білімге жұмылдырып, оқуға деген қызығушылығын арттыратын бірден-бір дұрыс қадам деп ойлаймыз.

Қайырымдылық жасау – әр азаматтың парызы десек, оны жүзеге асырып, жастарды ізгілікке тәрбиелеу біздің міндетіміз болып табылады дегім келеді.

Б.РАХМЕТҚАЛИЕВА,
әлеуметтік педагог.

● ӨМІР САПАСЫ

"Қауіпсіз мектеп" акциясын
флеш-мобпен аяқтады

Төтенше жағдай басқармасы қызметкерлері оқытушылармен бірлесе "Қауіпсіз мектеп" акция кезінде, қала мектептерінде балаларға тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі ережелерін еске салды.

Оқушылар шырыны балаға ойыншық емес екенін жақсы біледі, оларға отпен ойнау қауіпті екенін еске салу артық болмайды. № 11 мектепте ынталы оқушылары тұрмыста отты қауіпсіз пайдалану насихатын жаппай флеш-мобпен қолдады. Өкінішке орай, баланың отпен ойнауы өрт себептерінің бірі. Біз өз балаларымызға үлгі болып, оларды кез келген төтенше жағдайда, тұрмыстағы өрт қауіпсіздігін сақтауға баулу керекпіз. Акция аясында барлық мектептерде сабақ, викторина, суреттер конкурсы жүргізілді. Балаларға қауіпсіздік ережелері бар жадынамалар мен парақтар таратылды. Оқушылар іс-шараға ерекше қызығушылықпен қатысты.

Г.ЖОЛБАРЫСОВА.



Жерлесіміз – жүлдегер!

Руслан
ӘЛКЕЕВ

Сарыкөл аудандық өнер мектебінің тәрбиелеп жатқан шәкірттері шеттерінен талапты. Солардың бірі Сарыкөл орта мектебінің 9-сынып оқушысы Кәмила Мақашева.

Ағымдағы жылы ол "Менің сүйікті гүлдерім!" атты республикалық байқауда екінші орын иегері атанды. Үздік жұмысы үшін майталман мамандар тарапынан дипломмен марапатталды. Сөйтіп, мектеп мерейін, аудан абыройын асырды.

Талапты Кәмиланың талантты ұстазы – Мыңжасар Насыров. Алты жылдан бері өнер мектебінде көркембейнелеу сабағынан тәлім беріп, балаларды ойқиялмен сурет салуға баулып жүр. Өткен оқу жылының аяғында оның 6 оқушысы жақсы оқығандары үшін мектеп директорының мадақтамасын алды.

– Күнтізбелік жоспар бойынша жұмыс істейміз. Сурет, кескіндеме, композиция, мүсін, өнер тарихы бойынша сабақ өтеміз. Менің сыныбымда дарынды балалар баршылық. Соның ішінде жоғары жетістікке жеткені әзірге Кәмила, – дейді мұғалімі.

"Ұстаздар шәкірт озар" – демекші, Кәмила болашақта ағайы секілді сурет мамандығының жігітін шағып, майын ішкен маман болғысы келеді.

– Республикалық байқауға ел бойынша 400 оқушы қатысты. Солардың ішінен екінші орынды иеленуім мен үшін үлкен жетістік. Ең бастысы, бұл менің суретке деген құштарлығымды одан сайын арттыра түсті. Болашақта сурет салудың қыр-сырын меңгергім келеді, – дейді жүлдегер қызымыз.

Айта кеткен жөн, Кәмила білім алып жатқан бөлімдегі сыныптар бойынша оқушылар қатары биылғы оқу жылы 7 баламен толықты. Яғни, олардың жалпы саны 24-ке жетті.

Сарыкөл ауданы.



● ПАРТИЯ ТЫНЫСЫ

Қалалық филиалға
жаңа төраға сайланды

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалықта "Нұр Отан" партиясы қалалық филиалының XX кезектен тыс конференциясы өтті. Оған "Нұр Отан" партиясының облыстық бөлімі төрағасының орынбасары С.Ахметов, Арқалық қаласының әкімі А.Балғарин, қалалық мәслихат депутаттары, бастауыш партия ұйымынан сайланған делегаттар, мемлекеттік мекемелер, үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде ұйымдастыру мәселесі, "Нұр Отан" партиясы сайлауалды тұғырнамасының іске асырылу нәтижелері, қалалық мәслихат депутаттығына кандидат ұсыну мәселелері

қаралды.

– Құрметті делегаттар, облысымызда бірқатар кадрлық өзгерістер болды. "Нұр Отан" партиясы облыстық филиалының төрағасы – облыс әкімі Архимед Бегежанұлы Мұхамбетовтің ұсынысымен Арқалық қаласының әкімі Балғарин Амантай Кәкімбекұлы ойдағыдай партиямыздың Орталық аппаратында бетпе бет тілдеуінен өтті және "Нұр Отан" партиясы Арқалық қалалық филиалының төрағасы лауазымына ұсынылды, – деді конференцияда бірінші болып сөз алған "Нұр Отан" партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Серәлі Ахметов.

Бұл ұсынысты жиынға қатысушы мандат иелері бірауыздан қолдап, конференция жұмысын одан әрі қала әкімі,

"Нұр Отан" партиясы Арқалық қалалық филиалының жаңа төрағасы Амантай Балғарин жүргізіп отырды. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қала әкімінің орынбасарлары Қ.Әбішев пен Д.Нұрлыбеков баяндама жасап, қалалық жұмыспен және әлеуметтік қамту бөлімі басшысы Г.Омарова, жұмыспен қамту бөлімінің басшысы К.Бейсенбаев, "Нұр Отан" партиясы Арқалық қалалық филиалының Саяси Кеңес мүшесі А.Айтмағамбетов жарыссөзге шықты.

30 қазан 2016 жылы өтетін қалалық мәслихаттың депутаттығы сайлауына №2 Аманкелді сайлау округі бойынша белгілі айттыскер ақын, ғалым, ұстаз Қалиев Айбек Киікбайұлының кандидатурасы ұсынылды.

Арқалық қаласы.

● ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

"ҚАЗАҚСТАН: бір ел, бір отбасы"

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Арқалықта осындай атаумен қазақстан халықтарының "Тілдер күні" мерекесіне арналған тіл фестивалі өтті.

Шараға түрлі ұлт өкілдері қатысып, өз өнерлерін ортаға салды.

Жиналған қауымды қала әкімінің орынбасары Еспанбек Мәметбеков құттықтап, қалалық тілдерді оқыту орталығының директоры Баян Қалмағанбетова Қазақстан халықтарының "Тілдер күні" мерекесіне орай тілдердің дамуына өзіндік үлестерін қосып жүрген тіл жанашырларына: "Мемлекеттік тілді бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттап, дамуына үлес қосқаны үшін" облыстық "Қостанай таңы" газетінің меншікті тілшісі М.Жүніс, "Мемлекеттік тілдің дамуына және қалалық іс-шараларға шәкірттерін дайындап, жұлделі орын алғаны үшін" Арқалық медицина колледжінің директоры Д.Қазбаева, Агротехникалық колледждің оқытушысы, айтыскер ақын Б.Балмашева, Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның мұғалімі Е.Қоңыршина, "Қазақ



"Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!".
Н.НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.

тілін оқыған талабы және іс шараларға үнемі қатысқаны үшін" тілдерді оқыту орталығының тіл үйренушілері О.Хорошова мен П.Уничтерге мадақтама мен ескерткіш сыйлықтар табыс етті.

Фестивальге қатысушылар "Ең үздік көрме", "Ең өнерлі ұлт", "Тіл – ұлт жаны", "Ерекше салт-дәстүр" және "Белсенді қатысқаны үшін" аталымдарымен марапатталды.

Кеш атақты "Атамекен" әнімен аяқталып, қатысушылардың қолдарындағы "Бірлігіміз жарасқан Қазақстан" деген ұран сөз, түрлі түсті шарлар мен жалаушалар көрермендердің көңіліне ерекше әсер қалдырды.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: тілдер мерекесінен көрініс
Суретті түсірген автор.

Тіл жанашырлары бас қосты

Қазақстан халқы тілдері күні аясында Қостанай облысы Ішкі істер департаменті құқық қорғау органдарының мемлекеттік тілді дамытумен айналысатын қызметкерлер мен тіл жанашырларының қатысуымен "Мемлекеттік тіл – алтын қазына" атты дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстел құқық қорғау саласындағы қызметкерлер және қалалық, аудандық ішкі істер бөлімдерінің мемлекеттік тілге жауапты тіл мамандарының қатысуымен өтті. Дөңгелек үстелдің мақсаты – мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау.

Қостанай облысы Ішкі істер департаменті бастығының орынбасары полиция полковнигі Б.Ералин тіл жанашырлары мен қонақтарды мерекемен құттықтап, мемлекеттік тілді насихаттау, одан әрі дамыту бойынша жұмыстарына сәттілік тіледі.

Бұл жиын Қостанай облыстық Прокуратурасы, Қостанай облысы Әкімдігінің Тіл орталығы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Оқу орталығы, Қостанай облысы Төтенше жағдайлар департаменті, Қостанай облысы Төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі, Ш.Қабылбеков атындағы ҚР ИІМ Академиясының тіл мамандарының қатысуымен өтті.

Бүгінгі таңда Қостанай облысы Ішкі істер департаментінде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, насихаттау бойынша түрлі конференциялар, дөңгелек үстел, семинарлар, концерттік іс-шаралар ұйымдастырылады. Елбасымыз атап өткен мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырудың тиімді шараларының бірі ретінде ІІО қызметкерлері арасында "Парасатты полицей", "Мемлекеттік тіл – менің тілім", "Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздік тірегі" айдарымен қоғамдық іс-шаралар өткізілді.

● ОҚИҒА

Қылмыстың ізін суытпай...

ОИД криминалдық полиция басқармасының қызметкерлері өткен демалыс күндері автомобильдерден жасалған екі ұрлықтың ізін суымай жатып жедел ашылғанын хабарлады.

Қостанай қаласында Майлин-Гоголь көшелерінің қиылысында иесі қараусыз қалдырған машинадан екі "СТ-190"аккумуляторы ұрланды. Шығын мөлшері 76 мың теңге. Жедел-іздістіру шарасының барысында 28 жастағы күдікті ұсталды. Ол кінәсін мойындады. Ал, Қашар кентінде бір үйдің ауласында тұрған "ВАЗ-21062" машинасын кілт үйлестірген ұры автомагнитоланы алып кетті. Жәбірленуші бірден полицияға шағымданды. Жедел қимылдаған тәртіп сақшылары 19 жастағы күдіктіні ұстады. Соталды тергеу жүргізілуде.

Автобус жүргізушісі жауапқа тартылды

"Автобус" жедел-алдын алу шарасының барысында ОИД жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері қоғамдық көлік жүргізушілері жасаған 132 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады.

Көлікте келе жатып ұялы телефонмен сөйлескені үшін 28 жүргізуші жауапқа тартылды. Көлік құралын жүргізгенде көше қиылыстарында жол ережесін бұзған 18 жүргізуші анықталды. Үш автобус жүргізушісі жүргіншілерге жол бермегені үшін, сегіз көлігін техникалық байқаудан уақытылы өткізбегені үшін, біреуі жылдамдықты асырғаны үшін жауапқа тартылды. Сондай-ақ, операция кезінде жергілікті полицейлер жолаушыларды заңсыз тасымалдаудың 15 фактісін анықтады.

ОИД баспасөз қызметі.

"Тауасаров Серик Кайноллинович" ш/қ Басшысының сенімді тұлғасы келесі мүлікке сауда жариялайды: №1 лот – Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қостанай селолық округі мекенжайы бойынша орналасқан кадастрлік нөмірі 12-182-022-243, өлшемі 10,1 га бөлінетін жер учаскесіне 03.03.2053 ж. дейінгі мерзімге жер пайдалану құқығы. Бастапқы бағасы – 200000 теңге. Сауда әдісі – ағылшын. Саудаға қатысу үшін өтінімдер сауда өткізілетін күнге 3 күн қалғанға дейін мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қарабалық к., Алматы-Екатеринбург жолы. Сауда 2016 жылғы 10 қазанда сағ. 11.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қарабалық к., Алматы-Екатеринбург жолы. Сенімді тұлғаның деректемелері: "Тауасаров С. К." ш/қ Басшысының сенімді тұлғасы Стадников Виктор Валерьевич, орналасқан мекенжайы: Қарабалық к., Набережная көш., 68 А үй, 2 п., тел. 87018570337. Сауда аяқталғасын ең жоғары баға ұсынған сауда қатысушысы сатып алу бағасын толық көлемде 1 жұмыс күні ішінде енгізуі тиіс.	Доверенное лицо Главы к/х "Тауасаров Серик Кайноллинович" объявляет торги на следующее имущество: Лот№1 – право землепользования сроком до 03.03.2053 г. делимым земельным участком с кадастровым номером 12-182-022-243, площадью 10,1 га расположенный по адресу: Костанайская область, Карабалыкский район, Костанайский сельский округ. Стартовая цена – 200000 тенге. Метод торгов – английский. Заявки на участие в торгах принимаются за 3 дня до даты проведения торгов по адресу: Костанайская область, Карабалыкский район, п. Карабалык, трасса Алматы-Екатеринбург. Торги состоятся 10 октября 2016 года, в 11.00 часов, по адресу: Костанайская область, Карабалыкский район, п. Карабалык, трасса Алматы-Екатеринбург. Реквизиты доверенного лица: доверенное лицо Главы к/х "Тауасаров С. К." Стадников Виктор Валерьевич, находящийся по адресу: п. Карабалык, ул. Набережная, дом 68 А, кв. 2, тел. 87018570337. После завершения торгов участник торгов, предложивший наибольшую цену, должен внести покупную цену в полном объеме в течение 1 рабочего дня.
--	--

Түзету

Газеттің 2016 жылғы 23 қыркүйектегі санында жарияланған "Кейбір азаматтардың тұлкібұлан тірлігі жанға батады" деген мақаланың бас тақырыбындағы "тұлкібұлан" деген сөзде "ұ" әрпі техникалық себептерге байланысты түсіп қалды. Оқырмандардан кешірім сұраймыз.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне аккредиттеу жүргізу жайлы хабарландыру

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы "Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне аккредиттеу жүргізу қағидаларын бекіту туралы" № 1089 қаулысына (бұдан әрі – Ереже) сәйкес "Қостанай облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы" ММ (бұдан әрі – Басқарма) Қостанай облысы әкімдігі жанындағы жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша сараптау кеңесіне қосу үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің облыстық бірлестіктеріне аккредиттеу жүргізілетіні турлы хабарландырады.

Аккредиттеуді алу үшін өтініш беруші Басқармаға төмендегідей құжаттарды ұсынуы қажет:

1. Ереженің 1-қосымшасына сәйкес өтініш;
2. Салыстыру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда, құрылтай құжаттарының және бірлестікті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтама-ның нотариалды куәландырылған көшermелерін;
3. Бірлестік мүшелерінің тізімі.

Ескертпе:

* – "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Аккредиттеуді алу үшін құжаттар пакетін қабылдау 2016 жылдың 28 қыркүйегінен бастап 4 қазанына дейін "Қостанай облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы" ММ жүргізіледі, Әл-Фараби даңғылы, 65 ("Бизнес-орталық" ғимараты), № 907 каб., жұмыс күндері 9.00-18.00 аралығында (түскі үзіліс 13.00-14.00), байланыс телефоны 8 (714-2) 575-234.

Объявление об аккредитации объединений субъектов частного предпринимательства

В соответствии с Предпринимательским Кодексом Республики Казахстан от 29 октября 2015 года, постановлением Правительства Республики Казахстан "Об утверждении Правил проведения аккредитации объединений субъектов частного предпринимательства" от 28 декабря 2015 года № 1089 (далее – Правила), ГУ "Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития акимата Костанайской области" (далее – Управление) объявляет о проведении аккредитации областных объединений субъектов частного предпринимательства для включения в экспертный совет по вопросам частного предпринимательства при акимате Костанайской области.

Для получения аккредитации заявитель представляет в Управление следующие документы:

1. Заявление согласно приложению 1 к Правилам;
2. Нотариально засвидетельствованные копии учредительных документов и свидетельства* или справки о государственной регистрации (перерегистрации) объединения в качестве юридического лица, в случае непредставления оригинала для сверки;
3. Список членов объединения.

Примечание:

* – свидетельство о государственной (учетной) регистрации (перерегистрации) юридического лица, выданное до введения в действие Закона Республики Казахстан от 24 декабря 2012 года "О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственной регистрации юридических лиц и учетной регистрации филиалов и представительств", является действительным до прекращения деятельности юридического лица.

Пакет документов для получения аккредитации принимается в срок с 28 сентября по 4 октября 2016 года в ГУ "Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития акимата Костанайской области", пр. Аль-Фараби 65 (здание "Бизнес-центра"), каб. № 907 в рабочие дни с 9.00 до 18.00 ч. (Обед с 13.00 до 14.00 ч.), телефон 8(714-2) 575-234.

● ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛ



Осындай атаумен аудандық тілдерді оқыту орталығында өзге ұлт өкілдері арасында өңірлік сайыс өтті.

Мақсат – мемлекеттік тілге деген құштарлықты арттыру, отан-шылыққа, мемлекеттік тілге деген құрметке, көптілді маман болуға тәрбиелеу және тілдің үштұғырлығын насихаттау.

Оған Урицк орта мектептерінің 9-10-11-сынып оқушылары қатысты. Олар үш топқа бөлініп, төрт кезең бойынша сайысқа түсті. Алғашқы айналым – «Танысу», екіншісі – «Бәйге» (сұрақтардан тұрды) деп аталды. Ал, үшіншісі – «Сиқырлы сандық» (әр қатысушы сандықтан қағазға жазылған жұмбақ алып, жауап берді), төртіншісі – «Жекпе-жек» (бұл бөлімде әр топтың жетекшілері ортаға шығып, берілген «қазақстандықтар» сөзіне бірнеше сөздер құрады) делінді.

Сайыс соңында әділ қазылар алқасының шешімі бойынша, бірінші орынды «Бірлік» тобы бағындырса, ал екінші орынды «Жас Ұлан» тобы еншілеп, сондай-ақ, үшінші орынды «Болашақ» тобы місе тұтты.

Жеңімпаздар мадақтама қағаздары және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Руслан ӘЛКЕЕВ.

Сарыкөл ауданы.

● РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

Отбасым — Отанымның бір бөлшегі

Біздің кішігірім «мемлекетіміз» — отбасымыздың Басшысы — атам. Атамыздың халқы біздер — әжем, анам, аға-жеңгем. Отбасымыздың өз заңдары мен ұстанымдары бар. Ата-әжем бізге жақсы тәрбие береді. Ал, жақсы тәрбие алған адам өз елінің дамуына септігін тигізе алады.

Менің отбасымның ел тарихында өзіндік орны бар деп ойлаймын. Себебі, атам ғұмырын ұстаздыққа арнаған. Ал, ұстаз дегеніміз ұрпақты тәрбиелеп шығарады ғой. Бүгінде атам Торғай өлкесіндегі Ы.Алтынсарин атындағы мектептің директоры болып еңбек етуде. Атама еліктен анам да 18 жасынан бастап мұғалім болған. Анам да, көкем де ұстаз. Ұстаздық қызмет пен өнерді қатар алып жүрген ағатайым тіпті бала күнінде-ақ «Қазақстанның дарынды балалары» атты кітапқа енген. Ал жеңешем өнер жолында. Домбырада күйқылжыта күй тартып, жетіген аспабымен тамылжыта ән салады. Жеңешемнің дүние есігін ашуы да ел тарихымен тығыз байланысты. 1991 жылы 16 желтоқсанда дүние есігін ашқан жеңешем елімізмен бірге 25 жасқа толғалы отыр. Екінші жеңгем де аудандық аурухана қызметкері ретінде еліне адал қызмет етіп жүр. Ал әжем бірнеше жыл мектепте еңбек еткен. Бүгінде әжем отбасымыздың берекесін келтіріп, бақытқа бөленіп отыр.

Мен әзірге мектеп оқушысымын. Үйдегілер менің біліміме дән риза. Сабағымды тек «5» деген бағаға оқып келемін. Өлең оқып, ән айтамын. Мен де елімнің ертеңі ретінде ел тарихында өз қолтаңбамды қалдырамын деп сенімді түрде айта аламын. Тек арманым адастырмай, үмітім желкен болса болғаны!

Сабина ТЕМІРХАН,
Ғ.Жұмабаев атындағы Боровской
орта мектебінің оқушысы.

Мендіқара ауданы.

«АУЫЛЫМ — МЕНІҢ ЖҰМАҒЫМ!»

«Қостанай таңы» газетінің фотобайқауы



Фотобайқауға қатысуға Аманкелді ауданының Аққу Серікова есімді тұрғыны да ниет білдіріп отыр.

«Мен бұл ауданға келін болып түскеннен бастап қатты бауыр бастым. Қазір мақтан тұтатынымды айтқым келеді. Ауасы таза, адамдары жайдары, киелі жер» деп хат жолдайды ол. Осынау Батпаққара өңірінде түскен суреттерін байқауға қатыстырып көрмекші. Жүзі шаттыққа, құшағы дала гүлдеріне толы Аққу жаздың жайдары шақтарын қаншалықты сәтті аулай алған? Бірге бағалап көрейік!

Сурет — тарих, сурет — уақыт уысынан суырып алынған «тірі» секундтар. Олай болса, сізге өмірдің ең ерекше сәттерін жұртпен бөлісудің тамаша мүмкіндігі туды!

Таяуда «Қостанай таңы» газеті оқырмандар арасында «Ауылым — менің жұмағым» атты фотобайқауын жариялаған болатын. Мақсат — жайдары жаздың ең ерекше де көркем көріністерін кадрға іліктірген үздік авторды анықтау. Газетімізге де, ресми сайтымызға да хабарландыру берілгендей, байқауға қатысуға ниет білдірушілерге шектеу қойылмайды. Жасқа да, жасамысқа да, кәсіби шеберге де, әуесқой фотошыға да шарт біреу — талғамды, тосын, жанды суреттер іріктеуге түседі. Ендеше, құрметті оқырман, редакциямыз тағайындаған

жүлденің лайықты иегері боламын десеңіз, белсенділік танытыңыз!

Жолдаған фотоларыңыз

теріңізді Kostanaytany@mail.ru немесе Kt-fan@mail.ru электронды мекенжайларына жолдауыңызға, сондай-ақ 54-



газет бетінде жарық көріп, сайтымызда да ұдайы көрініс тауып отыратын болады.

Ескерте кетейік, сурет-

84-44, 57-67-65 нөмірлерімен байланысуыңызға болады. Жұмыстар 1-қазанға дейін қабылданады.



Байқаудың бүгінгі үміткерлері — Нұрислам және Аслан Мырзабековтер.

Биыл Нұрислам Науырзым ауданының Жамбыл бастауыш мектебіне 2-сыныпқа көшсе, інісі шағын орталыққа барады. Екеуі жаз бойы атасының үйінде болып, үй шаруашылығына көмектесті. Олар өрістен келген қой-ешкілерді күтіп алып, жем-суларын беруді күнделікті әдетке айналдырған. Сондай-ақ, өздерінің ең сүйікті жануарларының бірі — күшік пен мысық. Өте қатты жақсы көретіндері соншалық, өздерінің жеген тамақтарының жартысын ата-анасынан тығып, анда-санда мысығы мен күшігіне беріп тұратындары да бар. Осылайша, екеуі де жазғы демалыстарын ауылда тамаша өткізді. Ендеше, жас әуесқой фотосуретшілер Нұрислам және Аслан Мырзабековтердің туындыларын назарларыңызға ұсынамыз.

Меншік иесі:

«Қостанай таңы» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69.

Директор-бас редактордың
орынбасары: 54-84-44.
Жауапты хатшы: 54-67-65.
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42.

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36.
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42.
Социологиялық зерттеу орталығы:
54-53-21, 39-26-25.
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22.



Бухгалтерия:
54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы:
54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның
мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Ұш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Қостанай таңында» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А — ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет «Қостанай таңының» компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10681. Тапсырыс 1991.

Нөмірдің кезекші редакторы А.АЙҚАДАМОВА.